

ғылыми-әдістемелік журнал науқно-методический журнал

СОҚПАҚ

ТРОШИНКА

№4 (104) қыркүйек 2023 жыл

«Им вручена превосходная должность, выше которой ничего не может быть под этим солнцем. Вечным законом да будет: учить и учиться всему через примеры, наставления и применение на деле.»

Ян Амос Коменский

Мазбаев орденбек БИЛИСБЕКОВИЧ

Доктор географических наук, профессор, академик МАДЮТК (2008 г.), МАИН (2011 г.). Главный научный сотрудник лаборатории естественно математических дисциплин и Stem технологии НАО имени Ы.Алтынсарина. Профессор кафедры туризма ЕНУ имени Гумилева. Независимый директор «Института географии и водной безопасности». «Отличник образования Республики Казахстан» (1993 г.), Экскурсовод-гид, инструктор горного туризма, «Заслуженный инструктор РК» (2008 г.), «Почетный работник туризма РК» (2011 г.), «Лучший преподаватель вуза РК» (2012 г.), «Почетный гражданин Республики Казахстан» (2016 г.), «Почетный гражданин Каратальского района Алматинской области» (2017 г.), «За заслуги в развитии науки Казахстана» (2019 г.), Награжден дипломом европейского качества и Европейской золотой медалью 2013 г. Лауреат международного конкурса «Золотой компас» РФ (2022 г.). Награжден почетным знаком «За заслуги развития детско-юношеского туризма» РФ (2022 г.).

ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛ ОҚЫРМАНДАРЫ!

Қазір дүниежүзінде жасстар туризмін дамытудың өзектілігі артып келеді. Бұл сала олардың өз еліне деген патриоттық сезімдерін қалыптастыру, туған өлкесінің географиясын, тарихын зерттеу, флора мен фаунасын тану ісінде маңызды. Жасстар туризмі халқымыздың бірлігін сақтап, тәл мәдениетімізді дамыту мәселелерін қамтиды. Туризмді дамытудың елімізге инвестиция тартып, экономика саласын нығайтуға да тигізер септігі аз емес.

Білім беру саласында қосымша білім беру жүйесінің маңызы арта түсіп, жеке тұлғаның дамуына, салауатты өмір салтының қалыптасуына, бос уақытының мазмұнды ұйымдастырылуына көңіл бөлініп отыр. Осыған орай, Бөрлі ауданындағы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып саналатын қосымша білім беретін орталықтың бірі - «Жас туристер станциясы». Осы бағытта ауданда ауқымды өлкетану іс-шаралары «Жайық толқыны» өлкетану фестивалі, «Менің Отаным Қазақстан» туристік экспедиция жасақтарының слеті, Жас өлкетанушылардың қорытынды слеті сияқты бірқатар акциялар жүзеге асты және тәрбиеленушілеріміз облыстық жарыстарға қатысып жеңімпаз атанды. Туристік кешенде «Жас турист» жазғы демалыс лагері және далалық жағдайда «Қарашығанақ» шатырлы лагері бірнеше жылдан өз қызметін жүргізіп келеді.

«Соқпақ Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналы - балалар мен жасөспірімдер туризмін ұйымдастырушыларға бағыт-бағдар беруші, республика бойынша туризм саласындағы басты журнал. Осы уақытқа дейін туризм тақырыбына қатысты мақалалар, зерттеушілер еңбегін жариялап, осы саланы ақпараттандыруда маңызды рөл атқарып келеді. Журналдың әр айдары болашақ ұрпаққа ел тарихын таныту, туған жердің табиғатына аяулы көзқарас қалыптастыру бағытында мақалалар жариялап, оқырмандарының танымдық тәжірибе алмасуына үлес қосуда.

Жас туристердің, өлкетанушылардың, экологтардың еңбектеріне табыс, шығармашылық шабыт тілей отырып, «Соқпақ Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналы ұжымының еліміздің тарихи-мәдени мұрасын сақтауға атсалысып жүрген бірегей басылым ретінде игі істердің бастамасы бола беруіне тілектеспін. Болашақта журналдың оқырмандарға берері мол болып, ел болашағын тәрбиелеуде қажетті бұқаралық ақпарат құралы болып қалыптаса берсін.



Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің басшысы

А. Тржанова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ 01.12.2003 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛІП,
№4482-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.
24.12.2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БУҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕ № КЗ40VРV00044511
ҚАЙТА ТІРКЕЛДІ.

Таралым аймағы: Қазақстан Республикасы

№3(104), маусым 2023 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығы» (келесіде – БК
ОБЖТЖЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
колдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаушы:

Фомин Виктор Павлович - А.А.Остапец – Свешников
атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм
және өлкетану академиясының (келесіде – А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО) академигі, п.ғ.к.

Редакциялық кеңес:

Төрайымы: **Мыңбаева Айгүл Әділгерейқызы** - Батыс
Қазақстан облыстық білім басқармасының басшысы

Шеф-редактор: **Бекқалиев Ғалым Ибатоллаұлы** – Батыс
Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар
мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық
орталығының директоры (келесіде – БҚОБЖТЖЭО)

Кеңес мүшелері:

Жұмаев Максот Сағынтайұлы – белгілі Қазақстан
альпинисті, альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі
Спорт шебері, БҚО-ның құрметті азаматы

Смирнов Дмитрий Витальевич – п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның президенті

Мазбаев Орденбек Білісбекұлы - п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

Никитинский Евгений Сергеевич – п.ғ.д. «Тұран-
Астана» университетінің профессоры

Абдулхаиров Абджемил Закерьянович – п.ғ.к., доцент,
А.А.Остапец-Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның Крым
аймақтық филиалының төрағасы

Шаяхметов Асхат Галиевич - А.А.Остапец-Свешников
атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

Редакция алқасы:

Г.З.Усағалиева – ОБЖТЖЭО директорының ОӘЖ
жөніндегі орынбасары

А.Б.Мукашева - ОБЖТЖЭО директорының ОТЖ
жөніндегі орынбасары

К.Е.Неталиева - ОБЖТЖЭО туризм және қауіпсіз
маршруттар бөлімінің меңгерушісі,

Р.С.Альмұханова – ОБЖТЖЭО өлкетану бөлімінің
меңгерушісі

Н.Х.Гатауов - ОБЖТЖЭО экологиялық туризм бөлімінің
меңгерушісі

Р.Е.Нұрманов - ОБЖТЖЭО спорттық бағдарлау бөлімінің
меңгерушісі

В.В.Мазуренко - ОБЖТЖЭО спорт және дене шынықтыру
бөлімінің меңгерушісі

Немірмен жұмыс жасағандар:

Қайрлиева Қ.Ж. - бас редактор

Карина Ж.М. - корректор

Қушекқалиев Ж.Н. - дизайнер, беттеу

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының
пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Жазылым индексі

Жеке жазылушы – 75184

Мекемелер мен ұйымдар – 25184

Редакция мекен - жайы:

090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Исатай батыр көшесі, 71/1

Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91

e-mail: evrasia_centre@mail.ru

www: tourism07.kz

Форматы А4 210 x 279 мм, офсетті басып шығару.

Тапсырыс №

Таралымы 500 дана

«Көкше-Полиграфия» АҚ компаниясында басылған,

Ақмола обл., Көкшетау қ.,

ТУРИЗМ

Абдулхаиров А.З.

Орденбек Блисбекович педагог воспитатель,
ученый-путешественник.....2

Смагулова С.М.

Қарқаралыдағы балалар туризмі.....5

Имангазиева А.Т.

Қосымша білім беру арқылы салауатты жас ұрпақты
тәрбиелеу.....8

Нурмаганбет Н.Ж.

Туған өлке соқпақтарымен.....12

Ефимова И.А.

Я – турист.....15

ӨЛКЕТАНУ-КРАЕВЕДЕНИЕ

Куанышева Б.М., Байниязова А.

Қазақтың байырғы уақыт межелері.....18

Мурзина А.И.

Военная экспозиция мемориального музея
М.Шолохова.....23

Ибрагимова В.Ф.

Лингвокультурологический анализ речевых этикетных
формул приветствия в русском и крымскотатарском
языках.....27

ГЕОЛОГИЯ

Кузьмина Л.В., Багданова А.Е., Кривобокова О.

Геолого-экологические тропы юных краеведов.....34

ЭКОЛОГИЯ

Гумарова Л.А., Мұханбетқалиева Ж.

Жусан өсімдігінің пайдасы мен емдік қасиеті.....38

Анатолий Р.Қ.

Батыс Қазақстан облысы мен Солтүстік Каспий маңы
аймағында таралған күрделігүлділер тұқымдасының
ерекшеліктері.....45

Тапаев Д.А.

Өлкемізде экотуризмді дамыту мүмкіндіктері.....48

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

Даулетова Э.Е.

Әлем картасындағы Қазақстанның орны.....50

Керимбаева М.Ж.

Жорық алды дайындық сабағы.....54

Сәбит К.Ы.

Түркістан - екінші Мекке.....58

Қыдырәлиева Г.У.

Экологиялық тәрбие: болашағы мен дамуы.....60

ТУРИСТІК ЖАҢАЛЫҚТАР

XIV Всероссийская полевая олимпиада юных
геологов.....63

Жазғы демалыс – жан тынысы.....64



Орденбек Блисбекович педагог воспитатель, ученый-путешественник



АБДУЛХАИРОВ
Абжемиль Закерьянович,
к.п.н., доцент,
академик МОО МАДЮТК имени
А.А.Остапца-Свешникова, Председатель
Крымского филиала МАДЮТК (ГБОУВО
РК «Крымский инженерно-педагогический
университет имени Февзи Якубова»)

Аннотация

В статье описаны этапы становления педагога, учителя, преподавателя университета, ученого-исследователя, путешественника, директора Международного центра туризма учащихся Республики Казахстан (1993-1997 г.г.).

Дана краткая характеристика профессионально-педагогического становления ученого, преподавателя, общественного деятеля, инструктора детско-юношеского туризма. Показан творческий вклад О.Б.Мазбаева в развитие системы подготовки научно-педагогических кадров, учителей и ученых в сфере детско-юношеского туризма и краеведения в Республике Казахстан.

Аңдатпа

Мақалада педагог, мұғалім, университет оқытушысы, зерттеуші-ғалым, саяхатшы, Қазақстан Республикасының халықаралық оқушылар туризмі орталығы директорының (1993-1997 ж.ж.) қалыптасу кезеңдері сипатталған.

Ғалымның, оқытушының, қоғам қайраткерінің, балалар мен жасөспірімдер туризмінің нұсқаушысының кәсіби-педагогикалық қалыптасуына қысқаша сипаттама берілген. О.Б.Мазбаевтың Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану саласындағы ғылыми-педагогикалық кадрларды, мұғалімдер мен ғалымдарды даярлау жүйесін дамытуға қосқан шығармашылық үлесі көрсетілген.

Ключевые слова: география и туризм, педагогика туризма, спортивный поход, научно-исследовательская деятельность, дополнительное образование, туристско-краеведческая деятельность.

Мазбаев Орденбек Блисбекович родился 28 апреля 1954 года в городе Уштобе Республики Казахстан. В 1978 году закончил Казахский педагогический институт имени Абая по специальности география-биология. Имеет большой научно-педагогический стаж 46 лет. Работал директором международного центра туризма учащихся, заведовал кафедрой туризма Казахском Национальном педагогическом университете имени Абая, деканом географо-экологического факультета, директором НИИ Туризма 2016-2017гг. Свою педагогическую деятельность начал в средней школе учителем

географии и самое главное он является учеником Героя социалистического труда Абсаметова Кудыса Абсаметовича. Где работал заместителем директора по учебно-воспитательной работе. Его педагогическая деятельность высоко оценена в 1993 году министерством образования Республики Казахстан с награждением нагрудным знаком «Отличник образования Республики Казахстан». Серебрянный призер чемпионата СССР по автмототуризму 1989 г. - 1993 г. Экскурсовод-гид., инструктор горного туризма. Заслуженный инструктор Республики Казахстан 2008г. Почетный работник туризма Республики Казахстан. 2011



г. Академик МАДЮТК 2008 г., МАИН 2011 г. Лучший преподаватель вуза Республики Казахстан 2012 г. Почетный гражданин Казахстана 2016 г. Почетный гражданин Каратаевского района Алматинской области 2017 г. За заслуги в развитии науки РК. 2018 год. Неоднократно был награжден почетной грамотой министра образования и науки РК 2017 г., 2018 г. Комитет науки 2020 г. В 2022 году стал лауреатом международного конкурса «Золотой компас» МАДЮТК и награжден медалью «За развитие ???»

Мне повезло по жизни работать и дружить с этим замечательным человеком, когда мы были простыми учителями и руководителями туристско-краеведческих кружков, где совершали совместные походы и экспедиции по родному Казахстану и всей большой советской страны. В 1991 году мы совершили совместную экспедицию по Камчатке с восхождением на действующий вулкан Горелый из числа работников Алмаатинского областного центра детско-юношеского туризма и краеведения, где я был директором и руководителем данной экспедиции. Затем мы уже работали совместно в детско-юношеском туризме Казахстана, где Орденбек Блисбекович возглавил Международный центр туризма учащихся в качестве директора республиканского заведения.

В 1993 году Мазбаев Орденбек кандидат педагогических наук, 130001, 130002 в 1993 г., доктор географических наук 25 00 23. 2010 г тема: «Географические основы территориального развития туризма в РК». Имеет 638 публикации в том числе учебные пособия, учебники по туризму, географии и электронные мультимедийные учебники. Имеет 12 авторских свидетельств на

субъекты интеллектуальной собственности. Автор образовательных стандартов по специальности География (бакалавриат, магистратура, докторантура). Выпустил 2-к.г.н., 1-к.п.н и 4 докторов PhD по географии туризма. Имеет публикации в журналах Томсон Рейтерс-8., Скопус-9., Индекс Хирша-7. Является членом редколлегии четырех журналов зарубежных стран и 8 в РК, является экспертом – «Национальный центр государственной научно-технической экспертизы». Эксперт комитет науки МОН РК 2020.

В данное время Орденбек Мазбаев читает лекции в Евразийском Национальном университете имени Л.Н. Гумилева, профессор кафедры Географии и туризма.

В 2011 году совершил путешествие на белый континент в Антарктиду, где в качестве ученого географа Орденбек Мазбаев был научным руководителем первой казахстанской авто экспедиции, на Южном полюсе земли.

Отечественные ученые в ходе экспедиции собрали источники из антарктических образцов, таким образом, казахстанские ученые впервые получили материалы для дальнейшего исследования Антарктиды.

Исследования научной экспедиции Казахского географического общества внесено в книгу рекордов Гиннеса как самый быстрый сухопутный маршрут на Южный полюс. По итогам экспедиции был снят документальный фильм «108 часов». Орденбек Блисбекович Мазбаев был инициатором организации 17 экспедиций. В 2012 году одной из увлекательных и познавательных мероприятий проведенной Мазбаевым О.Б. для пропаганды

культурного наследия страны является научно-познавательная экспедиция «Легенды Казахстана». В 2017 году с 04 мая по 10 июля Орденбек участвует в Международной экспедиции «По следам предков» вместе со знаменитым путешественником и организатором Сапаром Искаковым, где за 67 дней они проехали из Казахстана до Парижа. Результаты данной экспедиции отражены в фильмах, которые транслировались на каналах казахстанского телевидения и средствах печати «По следам предков». В 2019 году с целью пропаганды здорового образа жизни и развития внутреннего туризма Орденбек Мазбаев вел реалити шоу “24 сағат табиғат құшағында”. За серию документальных фильмов “24 сағат табиғат құшағында” в 2023 году Международная академия детского туризма и краеведения имени А.А.Остапца-Свешникова (г.Москва) наградили Мазбаева Орденбека Блисбековича Международной премией, как лауреата международного конкурса “Золотым компасом”. Орденбек Мазбаев является учредителем «Қазақ географиялық қоғамы» 2010 г. и «Qazaq Geography» 2013 г. По общему объему, теоретическому и методологическому уровню исследовательской работы Мазбаевым Орденбек Блисбековичем заложена основа кадровой подготовки в Республике Казахстан. Впервые специальность «Туризм» в Казахстане была открыта в 1992 году в КазНПУ имени Абая. Под руководством Орденбека Мазбаева с 2004 г. разработаны ГОСО и образовательные стандарты для бакалавриата, магистратуры и докторантуры. Научно исследованы географические основы устойчивого развития туризма в Казахстане, открыт научно-исследовательский институт туризма и географии.

Он активно принимает участие в пропаганде развития внутреннего туризма на телевидении, радио, в газетах и журналах, поднимает вопросы, касающиеся воспитания, обучения молодежи, дает свои рекомендации по экологии, туризму. Мазбаев О. Б. внес большой вклад в области педагогики и географии туризма Казахстана.

В течение двух лет с 2021 г. работает в Национальной академии образования имени Ыбрая Алтынсарина, курирует вопросы преподавания естественно математических дисциплин и Steam технологии.

Мазбаев Орденбек Блисбекович имеет собственную школу образования и воспитания школьников и студентов, обладает большой энергией и поиском.

Он обладает большим объемом знаний по специальности география, туризм и экология, систематически повышает свои профессиональные навыки, всегда нацелен на конечный результат. Орденбек Блисбекович всегда отличается высокой продуктивностью труда пользуется уважением среди общественности Казахстана имеет правильные жизненные приоритеты и ориентиры.

В заключение еще раз хотелось бы от себя лично поздравить глубокоуважаемого Орденбека Блисбековича Мазбаева, с 45-летием научно-педагогической деятельности и пожелать ему крепкого здоровья, верных друзей на туристских маршрутах и альпинистских восхождениях, товарищей и сподвижников в научно-педагогическом сообществе, соратников в педагогике детско-юношеского туризма и краеведения и плодотворного творчества на уровне менеджмента географии и туризма, благодарных студентов, радости и семейного счастья.





Қарқаралыдағы балалар туризмі



СМАГУЛОВА

Света Маратовна

**Қарқаралы ауданы білім бөлімінің
ЖТС директорының орынбасары,
Қарқаралы қ., Қарағанды обл.**

Аңдатпа

Бұл мақалада Жас туристер станциясының ашылған кезеңнен бастап атқарылған іс-шаралары туралы жазылды. Сонымен қатар станцияның педагогтері мен қамтылған оқушы саны туралы айтылған.

Аннотация

В этой статье рассказывается о мероприятиях, проводимых со времен открытия станции юных туристов. Также речь идет о педагогах станции и количестве охваченных учащихся.

Кілт сөздері: туризм, Қарағанды жас туристер станциясы, «Берекелі Алтын күз» аудандық күзгі бал, «Құстар бақ сәні» шарасы, «Бір тал кессең-он тал ек» ағаш егу акциясы, “Жас зерттеуші” шағын-ғылыми практикалық конференциясы.

Қазіргі таңда туризм - әлемдік экономиканың жетекші саласы болуымен қатар, адамдардың салауатты өмір сүруінің құралы ретінде танылып отыр.

Мемлекетіміздің 2050 жылдарға арналған стратегиялық бағдарламасында туризмнің қоғам мен адам игілігі үшін атқаратын іс-әрекеттері айқындалып, оны жандандыру мен дамыту мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Туризм - адамдардың мақсат-тілектері мен мұқтаждықтарына сәйкес бос уақытын тиімді пайдалану үшін жан-жақты қызмет көрсету формасы. Туристік қызмет - туристік шаралар мен іс-әрекеттердің жиынтығы.

Қазіргі кезде жер шарының түрлі аймақтарында экологиялық дағдарыс шиеленіскен жағдайда экологиялық білім мен тәрбие беруге басты назар аударылуда. Осыған байланысты ең маңызды орын туризм мен өлкетануға беріліп отыр. Туризм жастарды жағымсыз қылықтарға қарсы тұруға (темекі тарту, арақ ішу), мықты денсаулық негізін қалыптастыруға, пайдалы, қызық істерге, салауатты өмір салтына тәрбиелейді. Бір сөзбен айтсақ туризм дегеніміз жастар үшін - саяхат

жасау, ол арқылы жетістікке жету, жаңа дүниені танып білу.

Туризм және өлкетану - бұл физикалық даму, қоршаған ортаны қалпына келтіру және тану, адамның құнды рухани қасиеттерін қалыптастыру. Дене тәрбиесі теориясы - туризмді дене шынықтырумен және спортпен қатар жас ұрпаққа тәрбиелік әсер ету құралдарының бірі ретінде қарастырады.

Сонымен қатар өлкетану тапсырмаларын





орындау, табиғи ортада үнемі болу, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас жасау, табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштерімен танысу рухани-адамгершілік қасиеттерді, патриотизмге тәрбиелеуге ықпал етеді.

Жас туристер станциясы 2017 жылы 15 қыркүйектен бастап балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беріп келеді. Станцияда жоғары білімді 6 қосымша білім беру педагогы жұмыстануда. Біліктілік санаттары бойынша жоғары санатты – 1, педагог-модератор - 3, санатсыз - 3 педагог. Барлық үйірмелерден жинақ базасы жасалынған. Станция туристік-өлкетану және экология-биология бағыттары бойынша жұмыс атқарады. Жалпы 6 үйірмеге 160 оқушы қамтылды.

Туристік-өлкетану бағыты бойынша жұмыс атқаратын үйірмелер: «Тау туризм» үйірмесі, «Туризм» үйірмесі, «Жаяу туризм» үйірмесі, «Атамекен» өлкетану үйірмесі.

Экология-биология бағыты бойынша жұмыс атқаратын үйірмелер: «Жас натуралист» үйірмесі, «Экология» үйірмесі.

Жылдық жоспарға сәйкес жыл сайын ақпан айында туристік-өлкетану бағыты бойынша үйірме оқушыларына шаңғы экспедициясы өткізіледі. Мақсаты: Шаңғы спортының мазмұнын, ережелерін, ерекшеліктерін шаңғы тебудің әдіс-тәсілдерін, шаңғыны күтіп ұстауды теория жүзінде үйрету. Спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай жыл сайын күзға өрмелеуден аудандық ашық

біріншілік өткізіледі.

Жыл сайын мамыр айында «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану жасақтарының аудандық Слеті өткізіледі. Аудандық жарысқа Қарқаралы ауданы бойынша командалар қатысады.

«Экология-биология» бағыты бойынша жыл сайын «Берекелі Алтын күз» атты аудандық күзгі бал өткізіледі. Оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, тұрмыстық қалдықтардан киім үлгілерін жасап сән үлгісін көрсетеді. Күзгі балды өткізу жыл сайын дәстүрге айналды.

Жыл сайын сәуір айында «Құстар бақ сәні» атты құстар күніне арналған аудандық іс-шара өткізіледі.

“Жас натуралистер” үйірмесінің жетекшісі Атекеева Дариға Болатовнаның ұйымдастыруымен жыл сайын қалалық “Жас зерттеуші” шағын-ғылыми практикалық конференциясы өткізіліп тұрады.

Жыл сайын үйірме оқушыларының арасында «Бір тал кессең-он тал ек» ағаш егу акциясы ұйымдастырылады. Оқушылармен бірлесе отырып мекеме маңына ағаштар отырғызылады.

Жас туристер станциясы оқушыларының жетістіктері:

2021 жылдың наурыз айының 3-ші жұлдызында Қарқаралы таулары маңында ауданымыздың тарихында алғаш рет "Биатлоннан" аудан біріншілігі өткізілді.





«Туризм», «Тау туризм», «Жаяу туризм» үйірме оқушылары 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Қарқаралы-Пионерлер шыңы» маршруты бойынша веложорық жасады.

2021 жылы Қарағанды облыстық туристік көпсайыс чемпионатына «Туризм», «Жаяу туризм» үйірме оқушыларынан «Барыс», «Қарқаралы», «Сұңқар» командалары қатысып Туристік көпсайыс шаңғы туризмі техникасы бойынша жалпы командалық есепте ІІІ орын иеленді.

2021 жылы Қарағанды облысы білім басқармасының ұйымдастырумен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Менің Отаным-Қазақстан" туристік экспедициялық слеті өткізілді. Туристік және ғылыми блоктардан тұратын слетте спорттық туристік жарысында І-ші орын иеленді. Жекелей құзға өрмелеу сайысында ұлдар арасында І-ші орынды Орынбай Нұрзат иеленсе, қыздар арасында Сайлаубай Камила ІІ-ші орын алды.

2022 жылы "Менің Отаным - Қазақстан" туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының ІІІ облыстық форумына 10 оқушы, 2 жетекші қатысып, нәтижесінде Қарқаралы ауданының құрамасы жалпы командалық есепте жүлделі 3-ші орынға ие болды!

2022 жылы Қазақстан Республикасының туристік көпсайыстан өткен чемпионатына «Туризм» үйірмесінің оқушылары қатысып «Барыс» командасы жалпы командалық есепте І орын, «Қарқаралы» командасы ІІІ орын иеленді.

2022 жылы Шахтинск қаласында өткен тау туризмі бойынша облыстық ашық Чемпионатқа қатысып жалпы командалық есепте «Барыс» командасы 3 орын иеленді.

2022 жылы облыстық жаяу туризмнен және туристік көпсайыстан ашық Чемпионатқа туризм үйірмесінің оқушылары қатысып жалпы командалық есепте І орын иеленді.

2022 жылы Шахтинск қаласында өткен облыстық туристік көпсайыс чемпионатына барып, жалпы командалық есепте ІІ орын иеленді.

2023 жылдың мамыр айында «Туризм» және «Жаяу туризм» үйірмесінің оқушылары Қарқаралы қаласының маңындағы «Туристер алаңында» өткен Қарағанды облыстық туристік көпсайыстан (жаяу туризм техникасы) ашық Чемпионатына қатысып жалпы командалық есепте 3 орынды иеленді. Жекелей сайыста Амантай Айша 2 орын иеленді.

Балаларға қосымша білім берудің отандық жүйесі білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық білім беру қызметі саласында бірегей әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерін қарастырады. Балаларға қосымша білім беру ұйымдары кәсіби-бағытталған және білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Қосымша білім беру балаға білім мен шығармашылықта, өзін-өзі пән, әлеуметтік, кәсіби, тұлға ретінде анықтауға тұрақты қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндік береді.





Қосымша білім беру арқылы салауатты жас ұрпақты тәрбиелеу

ИМАНГАЗИЕВА

Аида Тұрарбекқызы
Бөрлі аудандық ЖТС-ы
директорының орынбасары,
Бөрлі ауд., БҚО

Аңдатпа

Бүгінде туристік-өлкетану қызметі жасөспірімдердің білімі мен қабілеттерін жетілдіріп, жаңаша бағыт-бағдар береді. Автор мақаласында аудандық Жас туристер станциясының қалыптасуы мен Бөрлі ауданындағы туристік-өлкетану қызметінің дамуы, жетістігі туралы әңгімелеген.

Аннотация

Сегодня туристско-краеведческая деятельность дает новое направление, совершенствуя знания и способности подростков. В статье автор рассказал о становлении районной станции юных туристов и развитии, успехах туристско-краеведческой деятельности Бурлинского района.

Кілт сөздері: Бөрлі аудандық Жас туристер станциясы, музей, жәдігерлер, тәрбие.

Бөрлі ауданында туристік-өлкетану қызметінің жүйесі 2006 жылдан Аксай қаласында "Арман" балаларшығармашылық үйінде ашылған туризм бөлімінен бастау алды. Білім беру жүйесіндегі қосымша білім берудің рөлін ескере отырып, туристік үйірмелерде балалардың жеке қабілеттерін ашуға, өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беретін, жан-жақты дамыған, толерантты тұлғаны қалыптастыруда өз алдына қосымша білім беру мекемесін құру қажеттілігі туындады. 2009 жылдың 1 қаңтарында Бөрлі ауданының Бумақөл ауылында аудандық білім беру бөлімінің меңгерушісі А.Тржанованың ұсынысымен балалар мен жасөспірімдерге арналған «Жас туристер станциясы» КММ (келесіде – ЖТС) ашылды. 14 жылдан бері осы салада еңбек ету барысында туризм - балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда және патриоттық тәрбие беруде таптырмас құрал екеніне көзім жетті. Сондай-ақ туризм жас буынның дене күшін жетілдіріп, батылдық әрекеттерін қалыптастыруға, ұжым болып жұмыс істеуге, жолдастық сезімдерін

оятпауға тәрбиелейді. Қазіргі таңда орталықта оқу-тәрбие процесі төрт бағытта атқарылады: туристік, өлкетану, музейтану, спорттық бағдарлау. Осы бағыттар бойынша жылына 1729 тәрбиеленуші қосымша білім алып отыр. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде тегін жүргізіледі. ЖТС-ның негізгі міндеттерінің бірі, жасөспірімдерді қабілеттеріне, қажеттіліктеріне қарап, қосымша білім беру бағдарламасына сәйкес өлкеміздің тарихымен, ұлттық құндылықтарымызбен таныстырып, туризм техникасының негіздерін үйретіп, спорттық бағдарлаудан білімдерін жетілдіру.

2016 жылы «Әр мектепте – музей!» акциясы шеңберінде Бөрлі ауданында мектеп музейлері ашылды. Мектеп музейі - өткен мен болашақты жалғастырып отыратын, туған еліміздің шежіресі мен білім ордасының тарихын жинайтын асыл қазына. Бүгінгі күні ауданымыздағы 24 білім ошағы 100% музеймен қамтылды және 2022-2023 оқу жылдары қайта құжаттандырылды. Музейлерде жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде музей қоры жәдігерлермен үнемі

толықтырылуда. Әрбір мектеп музейіне штаттық бірлікпен музей жетекшілері тағайындалып, оқушылардан құралған музей белсенділері қызу жұмыстануда. Мектеп музейінің құрылуы туристік-өлкетану жұмыстарының дамуымен тығыз байланысты. Музей мұрағатының жұмысы жас өлкетанушылар мен туристерге жорықтарда, саяхаттар мен экспедицияларға қатыса жүріп, жәдігерлерді жинау мен іздену жұмыстарының негізін қалауға көмектесті. Жылдар өте бірқатар мектеп музейлері жаңа заманауи талапқа сай жабдықталып, экспозициялары тақырып мазмұнына сай жаңартылып келеді. Музейтану бөлімінде «Музейге сый» акциясы, «Музей жауһарлары» көрмесі, «Музей жауқазыны» іздестіру-зерттеу байқауы, «Жанды сабақтар» байқауы тәрізді ауқымды іс-шаралар аудан көлемінде үнемі ұйымдастырылып келеді. Музей үйірмесінің үздіктері облыстық кезеңге қатысып, жоғары нәтижелер көрсетті.

Оқушының туған жері, өлкесі туралы тарихи-географиялық білімін толықтырып отыратын, білім және тәрбие процесімен ұштаса жүретін өлкетану жұмыстарының да маңызы зор. Өлкетану бөлімінде өлкенің тарихын, салт-дәстүр ерекшелігін, мекендеген ұлттар мен ұлыстарды, тарихта елеулі із қалдырған небір жайсаңдардың артындағы мұрасын жан-жақты зерттеп, оны жас ұрпақтың санасына сіңіру мақсатында шараларды ұйымдастырады. Осы бағытта ауданда «Жайық толқыны» өлкетану фестивалі, «Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедиция жасақтарының слеті, Жас өлкетанушылардың қорытынды слеті т.б. бірқатар акциялар жүзеге асты және тәрбиеленушілеріміз облыстық жарыстарға қатысып жеңімпаз атанды. Облыстық «Жас

геологтар» слетінде Жас туристер станциясының тәрбиеленушілері жалпы топтық есепте II орынды, жас экологтар мен натуралистерге арналған «Экосокпак» слетінде жалпы топтық есепте III орынды жеңіп алды.

Бард әндері үйірмесінің тәрбиеленушілері де тасадан тыс қалмай былтыр Астана қаласында өткен «Струнная капель-2022» өңірлік гитара әндері байқауында А.Габдуллова (12 жас) «Бард әндері» бағытынан II дәрежелі, А.Сутеева (16-18 жас) II дәрежелі дипломант атанды.

Алыс-жақын маршруттағы экспедиция мен танымдық экскурсиялардың жұмысы үнемі жоспарлы жүргізіледі. Шыңғырлау ауданына «Шыңғырлау ауданының жеті кереметі», «Ақсай - Бөкей Ордасы» маршруты бойынша «Бабалар салған ізімен» тақырыбында танымдық экскурсия және Теректі ауданына «Ақжайықтану» археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды. Осы жұмыстардың жоғары деңгейде өтуін ұйымдастырып жүрген «Өлкетану», «Музейтану» бөлімінің меңгерушілері Ж.Б.Рахметжанова, Г.Б.Сакимованың және қосымша білім беру педагогтары Л.В.Кузьмина, Г.У.Қыдыралиеваның еңбектерін атап өтуге болады.

Адамның азамат болып қалыптасуында табиғаттың үлкен үлесі бар екенін көптеген ұлы педагогтар атап көрсеткен. Әрдайым табиғатпен қатынаста болу - балаларды физикалық жағынан да, рухани жағынан да қалыптастырады. Осы мақсатта жасалатын маңызды істердің бірі - балалар туризмі. Қазіргі заманда балаларды заманның түрлі ағымынан сақтаудың бірден-бір жолы туризм деп айтсақ артық емес шығар. Туристік бағыттағы үйірмелерде оқушыларға жаяу, шаңғы, су, тау туризмі техникаларын меңгертіп, тамаша





демалыстар, жорықтар ұйымдастырылады. Біз жас ұрпақты осындай шараларға тарта отырып, өз-өзіне сенімділігі жоғары, батыл, шымыр жас ұрпақты тәрбиелейміз.

Спорттық бағдарлау үйірмелеріне де оқушылар жоғары қызығушылық танытады. Спорттық бағдарлауды насихаттап, білімін жетілдіруде, жасөспірімдерді салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеуде «Батыс-Азимут», «Көктемгі бағдарлау», «WEST ORIENT» т.б. спорттық бағдарлау жарыстары өтеді. Қазіргі таңда ауданда 14 мектеп полигонының картасы бар.

Мекемеде әдістемелік қамтамасыз ету жұмысы біркелкі жақсы жолға қойылған. Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету барысында бөлім меңгерушілері туристік-өлкетану үйірмелеріне арналған қосымша білім беру бағдарламаларын әзірледі. Атап айтсақ: «Спорттық бағдарлау» бөлімінің меңгерушісі А.С.Изимгалидің «Спорттық бағдарлаудан қосымша білім беруге арналған оқу бағдарламасы», «Өлкетану бөлімінің» меңгерушісі Ж.Б.Рахметжанованың «Өлкетану үйірмелеріне арналған оқу бағдарламасы»

«Туризм» бөлімінің меңгерушісі А.Т.Сабитов пен әдіскері Е.Б. Сарсенгалиев «Туризм үйірмелеріне

арналған оқу бағдарламасы» авторлық бағдарламалары аудандық білім бөлімінен бекітіліп, таратылды. Әрбір бағдарламада теориялық мағлұматтар мен практикалық жұмыстар қарастырылған. Әдістемелік қамтамасыз етілген бағдарламаларды қосымша білім беру педагогтары үйірме сабақтарының жоспарын құруда пайдаланып отыр.

Сондай-ақ жазғы уақытта балалардың денсаулығын нығайтып, жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру біздің алдымыздағы маңызды мәселенің бірі болып саналады. Туристік кешенде «Жас турист» жазғы демалыс лагері және далалық жағдайда «Қарашығанақ» шатырлы лагері бірнеше жылдан өз қызметін жүргізіп келеді. Лагердің материалдық базасы жақсы, балалардың даму белсенділіктерін арттыруға, жақсы демалуға жағдай жасалған. Демалыс лагерінде өткізілген барлық бағыттағы дене шынықтыру, туристік, өлкетанулық, экскурсиялық, мәдени шаралар жасөспірімдердің өмірге ынтасын арттырып, шығармашылық қабілеттерін шындай түсері анық. Шатырлы лагерьдің бір кезеңі - ерекше көңіл бөлуді талап ететін мүмкіндігі шектеулі балаларға арналады. Әсем табиғат аясында ұйымдастырылған лагерьде шатырлар орнатылып, туристік техника кедергілерінің жеңіл түрлері құрылып, спорттық ойындар, қайықпен суда жүзуде әр балаға жеке көңіл бөлінеді. Мүмкіндігі шектеулі жандардың жүрегіне қуаныш сыйлаған осы сәттер, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарап, маңайындағылардың тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінуіне жол ашады.

Міне, қосымша білім беру саласының туристік-өлкетану қызметі оқушыларды патриотизмге тәрбиелеуде, салауатты өмір салтын қалыптастыруда, ең маңызды құралы болып табылады. Туристік-өлкетану үйірмелері мектептегі тәрбие жұмысының басты бағытының бірі. Бүгінгі таңда туристік үйірмелерде тәрбиеленген Жас туристер станциясының түлектері Ж.Базарбаева қазіргі таңда Қазақ Ұлттық Университетінің студенті Республикалық спорттық туризмнен өткен чемпионатта көпсайыстарға қатысып, спорт шебері дәрежесін иеленді. Н.Амангельдиева республикалық қысқы шаңғы туризмі техникасынан және жасанды жартаста ұйымдастырылған құзға өрмелеу жарысынан жеке қашықтықтарда бірінші орындарды бағындырып, спорт шеберіне үміткер дәрежесін алды. Қостанай қаласында өткен III Республикалық қысқы ауыл ойындарында облыстың құрама командасының қатарында болған тәрбиеленушілеріміз Мұқаш




Б. үшінші орынды, Ю.Антонова бірінші орынды иеленді. Тараз қаласында өткен Қазақстан оқушыларының XI жазғы гимназиадасында Б. Мұқаш спринт, ұзақ қашықтықтарына қатысып I, II, III орындарды, Ю.Антонова спринт, ұзақ қашықтықтарына қатысып II, III орындарды жеңіп алды. Қосымша білім беру педагогтеріміз, жас мамандар Е.Мұрат, Т.Кенжемұрат бірнеше дүркін халықаралық, республикалық жасанды жартаста ұйымдастырылған құзға өрмелеу жарыстарында және қысқы шаңғы туризмі техникасынан өткен көпсайыстарында байлам қашықтығынан жүлделі орындарды жеңіп алды. Биыл Талдықорған қаласында спорттық туризмнен өткен халықаралық

жарыста топ құрамында болып, «Ересектер тобы» бойынша жалпы топтық есеп бойынша I-ші орын алып, спорт шебері дәрежесін иеленді.

Салауатты жасұрпақты тәрбиелеуде қосымша білім беру педагогтері тынбай еңбектеніп, өткен оқу жылы бірқатар облыстық жарыстардан жүлделі орындарды бағындырды. Облыстық «Алтын дала» күзгі туриадасынан Бөрлі ауданының командасы жалпы топтық есепте II орынды, «Европа-Азия» жаяу туризмі техникасы жарысынан жалпы топтық есепте II орынды, М.Жумаев жүлдесі үшін облыстық тау туризмі техникасы жарысынан жалпы топтық есепте III орынды, «Қарлығаш» туриадасынан жалпы топтық есепте II орынды жеңіп алды. «Шаңғы бағдары 2022» спорттық бағдарлау жарысында тәрбиеленушілеріміз Прядко М. I орын, Жасланов А. II орын, Оразалы А. орта, спринт, ұзақ қашықтықтарына қатысып I, II, III орындарды жеңіп алды. Әр оқушының нәтижеге жетуі үшін туристік дағдыларын дамытып, облыстық, республикалық дәрежедегі түрлі жарыстарға дайындап жүрген қосымша білім беру педагогтары Ералиев Т.К., Мақпозов А.А., Кенжемұрат Т.Ө., Сарсенова О.А., Сапиева А.М., Мұрат Е.А. және туризм, спорттық бағдарлау бөлімінің меңгерушілері Сабитов А.Т., Изимгалий А.С. еңбектерін атап өтуге болады.

Бөрлі ауданында туристік-өлкетану қызметі бір саты ілгерілеп, Батыс Қазақстан облысы балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығының туристік-өлкетану қызметінің рейтингісі бойынша I-ші орынды иеленді. Алдағы уақытта да туристік-өлкетану қызметінің сапасын арттыруға, қосымша білім беру мазмұнын жаңартуға жағдай жасап, дені сау, саналы ұрпақ тәрбиелеуде жұмыстанатын болады.





Туған өлке соқпақтарымен



НУРМАҒАНБЕТ
Нуржан Жалғасбайұлы
Қалалық ЖТС-ның
педагог-ұйымдастырушысы,
Ақтөбе қ., Ақтөбе обл.

Аңдатпа

Бұл мақалада Ақтөбе қаласындағы жас туристер стансасының жұмыс бағыттары, туған өлкеде ұйымдастырылған спорттық-танымдық жорықтар мен экспедициялар туралы сөз қозғалады. Экологиялық-туристік дағдыларды қалыптастыру, жас туристерде өлкетану туралы білімдерін шыңдау, дозаланған физикалық күш салу арқылы оқушылардың денсаулығын нығайту, өлкенің әдемі ландшафттарымен танысу, табиғатпен тікелей байланыста болу секілді тақырыптар да назарсыз қалмаған.

Аннотация

В данной статье речь пойдет о направлениях работы станции юных туристов г. Актобе, спортивно-познавательных походах и экспедициях, организованных в родном крае. Не остались без внимания такие темы, как формирование эколого-туристских навыков, оттачивание знаний у юных туристов о краеведении, укрепление здоровья учащихся посредством дозированных физических нагрузок, знакомство с красивыми ландшафтами края, непосредственный контакт с природой.

Кілт сөздер: Белсенді, жорық, туризм, бағыт

Белсенді туризм - саяхатқа шығуға, өз өлкенді білуге, белсенді демалуға, тез шешім қабылдауға, өз бетімен жұмыс істеуге бағыттайды. Белсенді деп, маршрутқа қозғалу тәсілі туристің өз дене күшін жұмсауын талап ететін сипаттағы туристік саяхат түрлері аталады. Жас ерекшеліктеріне қарамастан бұл туризм түрімен жасөспірімдер де, үлкендер де айналыса алады.

Туризмнің бұл түрі жасөспірімдерді патриотизмге тәрбиелеуде, салауатты өмір салтын қалыптастыруда, адамды рухани дамытудағы ең пәрменді құрал болып табылады.

Ақтөбе өңірі тарихи, табиғи, мәдени ескерткіштерге бай. Әрине ол ескерткіштерге бару үшін, көзбен көріп, қолмен ұстау үшін, олардың орналасқан жерін ескере отырып, туристік бағыттар құрылу керек. Бағыт қозғалыстарына қарай - тіке бағыттағы, радиалды және шеңберлі

бағыттағы жүрудің әдіс – амалдарын қамтиды. Олардың мақсаттарын танымдық, экологиялық және спорттық қылып бөлуге болады. Жорықтарды бір күндік немесе көп күндік қылып жоспарлауға болатынын ескеруіміз керек. Ал тәсілдері жаяу, шаңғымен, қайықпен, велосипедпен, атпен, көлікпен немесе кешенді болып жүзеге асырылады.

Аталмыш жұмыстың барлығын орындап, Ақтөбе облысында экологиялық, өлкетану, спорттық-туристік бағыттарымен жорықтар және экспедициялар ұйымдастырып, жасөспірімдердің дамуына ықпал жасап, ішкі туризмнің ілгерілеуіне елеулі үлесін қосатын Ақтөбе қаласының жас туристер стансасын атап өту керек.

Жас туристер стансасы 1971 жылы маусым айында құрылған. Балалар экскурсиялық-туристік базасы (бұрын осылай аталған). 2004 жылдан бері «Қалалық жас туристер стансасы» МКҚК

болып аталып, қызмет атқарып келеді. Қалалық жас туристер стансасы қаламыздағы балалардың бос уақытын ұтымды ұйымдастыратын және өскелең жас ұрпақты туристік-өлкетану қызметіне баулитын, 52 жылдық тарихы бар бірден – бір қосымша білім беру ұйымы. Мекеме үш бағытта қызмет атқарады: спорттық-туристік, туристік-өлкетану, туристік-экологиялық. Бұл бағыттардағы үйірме сабақтары оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту, білім алу қызығушылығын, өзін-өзі тану және кәсіби бағдарлау жолында үлкен ықпалын тигізеді.

Өткен оқу жылы бойынша облыс төңірегінде көптеген жорықтар ұйымдастырылды. Соның бірі «Ақтөбе қаласы – Қарғалы су қоймасы – Қызылтам кесенесі – Ақтөбе қаласы» бағыты бойынша кешенді жорық.

Қарғалы ауданының табиғаты ерекше көріністерге толы. Қасқыр сарқырамасы, су қойма, биік жартастар, балық өсіру су тоғандары, биік рельефті төбелер секілді табиғи байлықтарымен көзге түседі. Бұл ауданға жыл сайын әр түрлі бағытта саяхаттар жасалады, дегенмен ашылмаған сырлары әлі де көп. «Кішкентай Швейцария» деп босқа айтпаса керек. Бағытты осылай құрастырудың да себебі сол.

Әдеттегідей дайындық жұмыстарынан кейін 16.10. күні Ақтөбе қаласынан автобуска отырып Қарғалы ауданына жол тарттық. 1 сағаттың шамасында Қарғалы су қоймасының маңына келдік. Көліктен түсіп, бағыттағы жаяу қозғалысты бастадық. Ауа райы осы бағыттағы қозғалысқа өте қолайлы болды. Жаз мезгілінің

аптап ыстығында немесе қыс пен көктем мезгілдеріндегі қар мен су тасқынының кезінде бұл маршрутты өту қолайсыз. Аймақтың барлығы рельефті. Яғни биіктігі 200-250 метрді құрайтын қырларға көтеріліп, түсумен болдық. Бөгет аймағына жақындаған сайын судың жағасындағы қиыршық тастардан тұратын жартастар биіктей түсті. Осы аймақтар қауіпті болып саналады. 2 сағатта бөгет маңына келдік. Ол мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынып, суық қарулы қарауыл қойылған. 13.00 шамасында түскі асқа кірістік. Үлкен дамылдаудан кейін бағытымызды жалғастырып, тас жолына қарай бағытталдық. Жолдың арғы бетінде бекіре балығын өсіретін «Ардағым» балық шаруашылығы орналасқан.

Бағыт бойында орналасқан «Қызылтам» кесенесін таптық. Қызылтам мавзолейі – су қоймасының жағасында орналасқан Естектау төбесінде тұр, ортағасырлық танымал Абат-Байтақ ескерткіштер қатарына жатады.

Қорымның қасынан өткеннен кейін бағыт аяқталатын нүктеге қарай бет алдық. Нәтижесінде 1 күндік, шеңбер бағытты, ұзындығы 10 шақырымды құрайтын туристік бағыт пайда болды.

Келесі «Ақтөбе қаласы – Пригородное ауылы – Түйетөбе ескерткіші – Ақтөбе қаласы» бағытындағы кешенді жорық.

Жорықтың мақсаты, Ақтөбе маңындағы елді-мекендермен танысу, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған Түйетөбе ескерткішінің тарихын білу.

Түйетөбе – Ақтөбе қаласы маңында 1937 – 1938 жылдары кеңес өкіметі ұйымдастырған





жаппай қуғын-сүргін құрбандары атылған жер. Пригородный ауылынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. 1920 – 1940 жылдар аралығында Ақтөбе облысы бойынша 6 мыңдай адам саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 1 мыңға жуығы ату жазасына кесілген. Бұл құрбандар ішінде ұжымдастыру кезіндегі зорлық-зомбылыққа қарсы шыққан Адай-Табын, Бірғыз көтерілісіне қатысқандар, әр жылдары Ақтөбе өңірінде қызмет еткендер де бар.

Жорық сәуір айына жоспарланды. Осы мезгілге жоспарлаудың тағы бір себебі маршрут өтіп жатқан аймақта қызғалдақ гүлдерінің шығатын маусымы еді. Керекті құрал-жабдықтарды жинап, топты дайындап, жорық бағытын картаға түсіріп, 30.04. күні 24 туристен құралған топ болып саяхатқа аттандық. Маршрут шеңбер бағытта болды. Негізгі бағыт жаяу және Пригородный ауылының маңындағы солтүстік айналма көпірінен басталып Түйетөбе ескерткішіне дейін, сол жерде түскі асқа дамылдап, қайтар жолда сай-саланың флорасы мен фаунасын бақылап, көпірдің қасында аяқталады. Бірақ, бағыттың басталатын және аяқталатын жері Ақтөбе қаласынан алыс болған себепті солтүстік айналма көпіріне дейін автобуспен барып, әрі қарай 15 шақырымнан тұратын маршрутты жаяу бағындырдық.

Тағы бір жорық «Ақтөбе қаласы – Хан моласы мемориалдық кешені – Ақтөбе қаласы»

бағытымен екі күндік экспедиция.

Саяхатқа 150-ге жуық адам қатысты. 15.06. күні 10.00-де Ақтөбе қаласы Батыс 2 ауданындағы «Бопай» балабақшасының қасынан бағытымыз басталды. Бұл тіке бағыттағы маршрут болды және толықтай автокөлік арқылы өтілді. Экспедицияның мақсаты, жаңа туристік маршрут құру және танымдық болды. Хан моласы Әйтеке би ауданындағы Толыбай аулынан 90 шақырым жерде орналасқан. Бастапқы уақытта Ақтөбе – Хромтау бағыты бойынша Шымкент – Самара тас жолымен жүрдік. 4 сағаттың ішінде Әйтеке би ауданының орталығы Темірбек Жүргенов ауылына жеттік (бұрынғы ат. Комсомол). Түскі асқа дамылдауға үзіліс жасадық. Хромтау қаласы мен Жазық, Бөгетсай, Қарабұтақ және т.б. ауылдарды артта қалдырдық.

Ауыл мейрамханасында тамақтанып алып, бағытымызды жалғастырдық. 130 шақырымнан кейін Ақтасты ауылына бұрылды. Тас жолынан түсіп 14 шақырымнан кейін Ақтасты ауылына жеттік. Одан әрі жайдақ жолмен Толыбай ауылына дейін 57 шақырымды құрады. Кешкі 18.00 шамасында Толыбайға келіп, өлкетанушылар мұражайда экскурсия ұйымдастырды. Ауылдан шығып маршрутты жалғастырдық. Өлкейік өзенінің жағасымен 90 шақырымды артта қалдырып Хан моласына жеттік. Бұл жерге әлі ұялы байланыс, электр қуаты, су, газ атаулылар жүргізілмеген. Электр қуаты арнайы әкелінген генератормен қамтамасыз етіліп отырды.

Кешен Әбілқайыр хан кесенесі мен үш бөлікті алып ескерткіштен тұрады. Кесененің биіктігі 15 метрге жуық. Диаметрі - 8,5 метр. Ескерткіштің биіктігі - 25 метр. Әр бөліктің астыңғы жағында «Әбілқайыр хан» деген жазу бар және барлық қазақ руларының таңбалары ойып салынған.

Жер шатыр құрып жатуға ыңғайсыз, тегіс жер табу қиын. Өсіп тұрған тал болмағасын алау жағуға да мүмкіндік жоқ. Дамылдауларды қосқанда маршруттың бір бағытына 11 сағат кетті. Бару мен қайтуды есептесек 22 сағат. Бағыттың жалпы ұзындығы 1100 шақырымды құрайды.

Жүріп өткен туристік бағыттар арқылы қатысушылар өз беттерінше жорықтарға және экспедицияларға шығу мәселесінде ой-өрісін кеңейтіп, туризм техникасы арқылы өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастырып, төзімділікке тәрбиелеп ғана қоймай тұлғаның шығармашылық ойлауын және өз өңіріндегі туризмі дамыған жерлерімен танысуға мүмкіндіктерді пайдаланып, туризм мен өлкетанудың әдістері негізінде тәжірибе жинады.



Я – турист

(из опыта работы детского дворового клуба «СЮТур», Детско-юношеского центра экологии и туризма города Павлодара)



ЕФИМОВА

Ирина Александровна,
Заведующая ДДК «СЮТур» ДЮЦЭиТ
г. Павлодара, Павлодарская обл.

Аннотация

В статье представлен опыт организации туристско - краеведческой работы в организациях дополнительного образования на примере деятельности детского дворового клуба «СЮТур» детско-юношеского центра экологии и туризма.

Аңдатпа


Мақалада балалар - жасөспірімдер экология және туризм орталығының «ЖТС» балалар аула клубының қызметі мысалында қосымша білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесі келтірілген.

Ключевые слова: туризм, КГКП «Детско-юношеский центр экологии и туризма» Отдела образования города Павлодара, ДДК «СЮТур»

Туризм – это вид спортивной деятельности, которая открывает большие возможности для приобретения многих важных для жизни общеобразовательных и специальных знаний, различных двигательных умений и навыков, способствует укреплению здоровья и разностороннему формированию личности. Это важнейшее средство воспитания, которое благодаря своему многообразию и универсальности открывает широкие возможности для практической подготовки маленького гражданина к большой жизни.

На базе детско-юношеского центра экологии и туризма города Павлодара функционирует детский дворовый клуб «СЮТур», это маленькая станция юных туристов и краеведов, где многообразие форм работы с воспитанниками обеспечивает комплексный характер в обучении, воспитании, оздоровлении и профессиональной ориентации детей.

В ДДК «СЮТур» функционируют 9 туристских клубов. Работа в них проводится по нескольким направлениям туризма: скалолазание, техника и тактика горного и пешеходного туризма, велотуризм, спортивное ориентирование. Обучающие программы, реализуемые на базе



клуба – авторские, рецензируемые, и не имеют аналогов. Это - «Юный ориентировщик», «Спортивный туризм», «Туристское многоборье», «Юниоры», «Пешеходный туризм», «Турист – спасатель», «Туризм – профессия» и многие другие. Реализация данных программ позволяет воспитанникам приобретать умения и навыки в основах туристской подготовки и добиваться отличных результатов. Отличительной чертой нашего клуба является то, что на соревнованиях наши воспитанники выступают как представители города, области, что заставляет их быть ответственными, подтянутыми, дисциплинированными.

Сборная команда туристских клубов – это участники международных соревнований по спелео и горному туризму, чемпионатов республики Казахстан по комбинированному туризму, водному туризму, республиканских соревнований по туристскому многоборью, чемпионатов и турниров республики Казахстан по спортивному ориентированию бегом и на лыжах, республиканского слета экспедиционных туристско-краеведческих отрядов «Менің Отаным - Қазақстан», чемпионатов области по пешеходному

туризму, по туристскому многоборью, кубков области по спортивному ориентированию. Соревнований много... и каждый раз наши воспитанники возвращаются победителями и призерами. Если представить все достижения в цифрах, то только за прошедший учебный год на соревнованиях международного уровня у наших воспитанников 89 призовых мест, из которых, 1 мест – 29, 2 мест – 38, 3 мест – 22. Участвуя в соревнованиях республиканского уровня, копилка достижений наших туристов пополнилась на 364 призовых места. Сборные команды наших туристских клубов на областных мероприятиях завоевали 339 призовых мест, участвуя в мероприятиях городского уровня, нашими воспитанниками завоевано 262 призовых места. Педагогами ДДК «СЮТур» инициировано немало интересных мероприятий, соревнований, на протяжении всего года организуются и проводятся соревнования, в которых участвуют учащиеся и учителя образовательных организаций города и области. С целью популяризации и дальнейшего развития массового туризма, повышения спортивного мастерства юных туристов, выявления сильнейших команд города





ежегодно проводятся: областные мероприятия - Чемпионат Павлодарской области по туристскому многоборью, Чемпионат области по спортивному ориентированию, Областной этап республиканского слета экспедиционных туристско-краеведческих отрядов «Менің Отаным–Қазақстан», Фестиваль бардовской песни «Иртышский перезвон», городские туристские соревнования-Открытый Чемпионат г. Павлодара по туристскому многоборью, Городской этап республиканского слета туристских экспедиционных отрядов «Менің Отаным - Қазақстан», Городские спортивно-туристские соревнования «Папа, мама, я - туристская семья», Городские соревнования по спортивному ориентированию бегом, посвященные памяти Кольцовых, Первенство ДЮЦЭТ по туристскому многоборью.

У туризма необычайная притягательная сила. Только представьте себе... Ночь у костра, песни под гитару, необыкновенно вкусный чай, яркое звездное небо, рюкзак на спине и дорога – горная, извилистая. Наши воспитанники участники походов I, II, III

10. Балшық зиягүлі (*Senecio palustris* SC.)
11. Тікенше (*Carlina longifolia* Rchb.)
12. Орайот (*Xeranthemum annuum* L.)



2-сурет. Зерттеу ауданының карта схемасы

13. Еділ кебенқұйрығы (*Cousinia wolgensis* CAM.)
14. Түйе тікен (*Carduus acanthoides* L.)
15. Сары қалуен (*Cirsium setigerum* Led.)
16. Күмәнді юриния (*Jurinea dubia* Iljin.)
17. Құртжапырақ түймебас (*Serratula xeranthemoides* MB)
18. Сорғанды левзия (*Leusea salina* Spreng.)
19. Гүлкекіре (*Centaurea Jacea* L.)
20. Қойжелкек (*Tragopogon brevirostris* DC.)
21. Еділ қойжелкегі (*Tragopogon volgensis* Nik.)
22. Ірігүлді логозерис (*Lagoseris macrantha* Iljin.)
23. Жерсағыз (*Chondrilla Kossinskyi* Iljin.)
24. Жерсағыз (*Chondrilla amiqua* Fisch.) (Хондрилла сомниоооо тельная)
25. Екіжылдық кәді (*Crepis biennis* L.)
26. Зиягүл (*Senecio campestris* DC.)

№	Топ ареалдары мен түр аттары	БҚО саны	Пайызы	Солтүстік Каспиймаңы саны	Пайызы
1	Еуразиялық 1. Евроазияттық 2. Сібір 3. Евросібір	5	8,6%	35	15,9
2	Еуропалық 1. Еуропалық 2. Понтикалық 3. Бореалды	23	38,9%	77	35%
3	Ежелгі жерорта теңіз 1. Орталық Азия 2. Шығыс жерортатеңіздік 3. Шығыс Понтикалық	7	11,7%	17	7,7%
4	Голарктика 1. Голарктикалық	4	6,8%	29	13,1%
5	Жерортатеңіз 1. Жерортатеңіздік	5	8,5%	31	14%
6	Тұран 1. Сармат 2. Төменгі-Еділ 3. Иран 4. Арал-Каспий 5. Каспий 6. Орал	15	25,5%	37	16,8%

Кесте №1. Солтүстік Каспиймаңы мен БҚО-ның флоралық сараптамасы

27. Сарықалуен (*Cirsium heterophyllum* Hill.)
28. Қасқа алатұқым (*Flalacrachena inuloides* Ijjin)
29. Гүлкекіре (*Centaurea stenolepis* Kern.)
30. Гербера гүлкекіре (*Centaurea Gerberi* Stev.)
31. Гүлкекіре (*Centaurea maculosa* Lem.)

Күрделігүлділер кез-келген қоректену ортасына байланысты барлық жерде таралған. Көпшілік күрделігүлділер – көпжылдық шөптесін, бұталар мен жартылай бұталар және біржылдық, екіжылдық түрлерден тұрады. Жалпы сипаттама белгілеріне олардың гүлшоғырының, себетінің, гүлдерінің саны бірнешеуден жүзге дейін, кей кезде мыңға дейін болады.

Көпшілік күрделігүлділер жәндіктермен тозанданады. Жемістері тұқымша, кейбіреулерінде шоктүтігі (айдарша), тілшелер мен тішшелерден арқасында шөл және жартылай шөлейтте, шалғында, далалық ашық алаңқайларда жеңіл таралады.

Күрделігүлділердің түрлік құрамын салыстыра отырып біз, В.В.Ивановтың қолжазбаларын және қазіргі жаңа мәліметтерден «Қазақстан флорасы», «Қазақстанның иллюстральды анықтамалығы», Абдулина С.А. «Қазақстанның түтікті өсімдіктері» оқулықтарынан біздің зерттеу ауданымыздың территориясында кездеспейтін 28 түр табылды [5]. Автордың жұмысын саралай отырып, өсімдік құрамын сипаттау кезінде Солтүстік Каспий маңы территориясын белгілеуде Ресей Федерациясын қоса алғандықтан, аталған күрделігүлділердің түрлері Батыс Қазақстан облысы территориясында кездеспейді деген тұжырымдамаға келдік.

Күрделігүлділердің өсімдік жамылғысының рөлі Солтүстік Каспиймаңы аймағында үлкен маңызға ие. Ұсынылып отырған күрделігүлділер өзге тұқымдастардың арасында алғашқы орында [3].

«Қызыл кітабына» енгізілген *Jurinea kirghisorum* Janisch. (*Anthemis trotzkiana* Claus.)



3 сурет. Борлы жыныстағы ҚР

Күрделігүлділер – бос шөпті ақ селеулі дала зонасында, сахар-гобийлік шөлде, борлы жыныстарда, жаңадан пайда болған антропогендік және техногендік орындарда пионерлік қауымдастық құрады. Негізгі доминант пен субдоминантты көрсететін фитоценоздар жусандар Лерх жусаны (*Artemisia lerchiana* L.), Австрия жусаны (*A.austriaca* L.), Ащы жусан (*A.absinthium* L.), Сирек бас жусан (*A.pausiflora*). Жайылма шалғындарда көптен таралған Ойраншөп (*Ambrosia artemisifolia* L.), Ұсақгүл (*Erigeron canadensis* L.), Ащы жусан (*Artemisia absinthium* L.), Тікенді сарысою (*Xanthium strumarium* L.) (3,4 сурет).

Зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша күрделігүлділердің көп бөлігі табиғаты жағынан БҚО-ның барлық ауданында экосистемасы таралған.

Пайдаланған әдебиеттер.

- 1) В.В.Иванов Сложноцветные Северного Прикаспия // Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия – Л.,1962.
 - 2) Талмачев А.И. Введение в географию растений. Л.-1974,244с.
 - 3) Петренко А.З. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998.
 - 4) Аралбаева А.Н., Лесова Ж.Т., Мурзахметова М.К. ИССЛЕДОВАНИЕ ПЕРСПЕКТИВ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ РАСТЕНИЙ СЕМЕЙСТВА СЛОЖНОЦВЕТНЫЕ (*Asteraceae*) В ПРИГОТОВЛЕНИИ ЧАЙНЫХ НАПИТКОВ // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2015. – № 12-3. – С. 470-473;
 - 5) Абдулина С.А. Қазақстанның түтікті өсімдіктерінің тізімі.-Алматы,1999.187 б.
- URL: <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=7958> (дата обращения: 16.10.2022).



4 сурет. Борлы қыраттағы эндемик



Өлкемізде экотуризмді дамыту мүмкіндіктері



ТАПАЕВ

Даурен Алпысбаевич
Б.Алтынсарин атд.
ЖББМ-тің ҚББП-і,
Ақжайық ауд. БҚО

Аңдатпа

Мақалада автор экологиялық туризм дегеніміз не және басқа туризм түрлерінен айырмашылығы қандай, оның қалай жұмыс істейтіндігіне тоқталады.

Аннотация

В статье автор остановится на том, что такое экологический туризм и чем он отличается от других видов туризма, как он работает.

Кілт сөздері: экология, индустрия, табиғат, қоршаған орта, табиғи ресурстар.

Экологиялық туризм елімізде қарқынды дамуда. Оның бір көрінісі соңғы жылдарда елімізде туристік индустрияның жолға қойылуынан, соның ішінде осы сектордың бірі дер едім. Дегенмен, көп жағдайда экотуризм түсінігі оның қоршаған ортасымен шатастырылып айтылып жүр.

Бұл мақалада экотуризм деген не екендігіне, ол қалай жұмыс істейді, қандай маңызы бар деген көпті мазалап жүрген сауалдарға жауап береміз. Ия, экотуризмге берілген анықтаманы мамандар табиғат аясындағы демалысқа жауапкершілікпен қарап, қоршаған ортаны сақтау және оны жақсарту деп түсіндіреді.

Біріншіден, экологиялық саяхаттың табиғи қорықтар, ұлттық бақтар, ауылды мекендерге, яғни адам қолы тимеген немесе күнделікті қолданыстан аман қалған жерлерге бару бағыты көп жағдайда экологияның бұзылмауына жол бастайды.

Екіншіден, табиғи және мәдени ошақтармен танысу: жабайы табиғат ортасымен немесе жергілікті елді мекеннің дәстүрлі өмірімен танысу - негізгі мақсаты болып табылады.

Үшіншіден, туристік үрдіс қоршаған ортаға зиянын тигізбеу керек.

Төртіншіден, табиғатты сақтау жергілікті тұрғынның маңызды және тиімді іс-әрекеті болуы тиіс. Өйткені табыстың басым көбін корпорациялар немесе үлкен қаладағы кеңсе қызметкерлері емес,

сол аймақтың адамдары алады; хостел, кафе, мейрамханалар мен жалға берілетін кез келген тауар. Ал қоршаған ортаны таза ұстау олардың табыс көзінің тұрақты болуына әсер етеді.

Әрине, бірнеше адам жүретін жерді таза сақтау қиынға соғатыны анық. Соған қарамастан, бабын тауып жүргендердің барын ескерсек, табиғат аясында демала отырып, оның тазалығын сақтау адамның өзінен басталады.

Экологиялық туризм – туристік индустрияның ең жылдам дамып келе жатқан секторы, оның үлесіне әлемдік туризмнің 25%-ы тиесілі. Дүниежүзілік туристік ұйымға сәйкес экотуристер саны жыл сайын 20%-ға артып келеді.

Таза және бүлінбеген табиғи объектілері көп Қазақстан экотуризмді дамыту үшін зор әлеуетке ие. Этномәдени туризммен үйлескен қызықты табиғи ландшафттар, бірегей экологиялық соқпақтар тіпті ең талғампаз туристерді де бей-жай қалдырмайды.

Экотуризмнің туризмнің басқа түрлерінен айырмашылығы неде?

Біріншіден, экотуризм – территориясы жақсы сақталған табиғи ортаға сапар шегу. Бұндай территорияларға қорықтар, табиғи ұлттық саябақтар, қорықшалар және басқа қорғалатын территориялар жатады.

Екіншіден, экотуризм – ең экологиялық табиғатты пайдаланушы болып саналады. Экотуристердің



табиғатты эксплуатациялау технологиясы визуальды түрде өтеді, яғни көрікті жерлерді қарау, пейзажды тамашалау, өсімдік және жануарлар әлемін бақылау және тыңдау түрінде (күштардың ән айтуы, су сылдыры, жапырақтың сыбдыры), иіс сезімі (ормандар мен шалғындардың жұпар иісі) және сезіну арқылы (өзен суының мөлдірлігі). Дәл осы мақсатпен экологиялық туризм әлемдегі ерекше қорғалатын табиғи территориялар шегінде табиғи ресурстарды қолданудың бірден-бір жолы болып табылады.

Үшіншіден, экотуризм туристердің ЕҚТТ-да (Ерекше қорғалатын табиғи территория) жүріс-тұрысын қадағалайды, соның ішінде қатаң тәртіп белгілеу арқылы (турист гид-жолаушыға еріп жүргенде арнайы жолды пайдалануы керек, өсімдіктерді жұлмау, шуламау, т.б.). Бұл ережелерді сақтау экологиялық туризм дамуының ұстанымды шарты болып табылады.

Төртіншіден, экотуризм жергілікті тұрғынның ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді, ұлттық-дәстүр мен әдет-ғұрыптың жаңғыруына әсер ететін дәстүрлі ұлттық өнер түрлерін дамыту жолымен. Бұның барлығы халыққа белгілі пайда келтіреді және әлеуметтік экономикалық дамуына әсер етеді.

2019 жылы Финляндия экологиялық тұрақтылықтың жоғары деңгейінің, өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің алуан түрлілігі мен бірегейлігінің, сондай-ақ мемлекеттің қоршаған ортаны қорғауға бағытталған күш-жігерінің арқасында жабайы табиғат бойынша саяхаттау үшін үздік ел ретінде танылды. Үздік елдердің тізімін анықтау үшін ұлттық парктердің саны, биоалуантүрлілік, Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлардың жойылып кету қаупі және басқа да өлшемдер ескерілді. Қазақстан бұл рейтингте 87-ші орынды иеленді. Соған қарамастан, ел табиғи аумақтарының үлкендігі, флора мен фаунаның алуан түрлілігі, табиғат ескерткіштері

мен ЮНЕСКО мұрасы мәртебесіне ие объектілері есебінен экологиялық туризмді дамытудың барлық алғышарттарына ие.

Экотуризмді дамыту үшін біз не істей аламыз деген ой мазалайды. Ол үшін:

- экологиялық соқпақтар дайындау;
- туристер санын жоспарлау;
- қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеу;
- қоршаған ортаға зиян келтірмейтін көлікті таңдау;
- жергілікті қоғамдастықтарды турларды ұйымдастыруға тарту;
- қатты тұрмыстық қалдықтардың пайда болуын азайту және туристерді ақпараттандыру;
- жергілікті жұмыс орындарын;
- демалыс орындарын ұйымдастыру т.б.

Қорытындылай келе, экотуризм саласы бойынша өлкемізге саяхаттаушылардың көп келуі өзімізге байланысты. Ауылымыздың іргесінен ағып жатқан Ақжайық өзенінің жағасынан қолайлы жерден киіз үй тігіп, қазақы болмысымен қауыштыратын, дала иісін сезіндіріп, кеңдікті көңіліне ұялататын болсақ, біздің де өлкемізге экотуристер ағылатынына сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Туристік саланы дамытудың 2015- 2019 жылдарға арналған бағдарламасы»
2. «География және табиғат» ғылыми - әдістемелік журналы. №2 ,4, 6 2013 жыл. №1, 3, 5 2010 жыл. №1, 2, 2016 жыл.
3. Қазақстандағы туризм жәрмеңкесі. Интернет желісі материалдарынан.
4. Әлемдік экономика. Алматы 2009 жыл.
5. Дүние жүзіне аймақтық шолу географиясы. Ж. Достай, Ә.С. Бейсенова, К. Каймулдинова. Алматы 2007 жыл.
6. Алиева Ж.Н, «Экологиялық туризм», Алматы, «Атамұра», 2015, 101 б




Әлем картасындағы Қазақстанның орны




ДАУЛЕТОВА
Эльвира Ерболатовна
Мичурин МББК,
география пәнінің мұғалімі,
Бәйтерек ауд., БҚО

Күні:	05.04.2023ж	
Сынып: 11	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	§55 Әлем картасындағы Қазақстанның орны	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	11.6.1.3 - Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтау;	
Сабақтың мақсаты	Қазақстан Республикасының физикалық, тарихи, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарының орналасуын анықтау.	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы-2мин	Қызығушылықты ояту үшін миға шабуыл. 1. Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. 2. Көңіл – күйлерін тексеру үшін психологиялық ахуал қалыптастыру. Бас бармақ әдісі Бас бармақты жоғары көтерсек көңіл-күйім өте жақсы Бас бармақты төмен түсірсек көңіл-күйім жоқ	Амандасу		Шоколад
Үй тапсырмасы-12 мин	3. Топтастыру әдісі: Сынып оқушыларын стикерлерге ел атаулары жазылады сол арқылы аймаққа топтастыру. Үй тапсырмасын тексеру. (Тест) 1.Өзара байланысуымен сипатталатын үлкен аумақ А) Аймақ В) Аудан С) Мемлекет 2.Ғылымға мәдени зоналар, өмір сүру кеңістігін енгізген кім? А) К. Линней В) Ф. Ратцель С) У. Айзардт 3. «Әмбебап жіктеу» бойынша дүниежүзі неше аймаққа бөлінді? А) 12 В) 25 С) 20	Топқа бөлінеді Сұрақтарға жауап береді	10 балдық шкала	Оқулық

<p>Жаңа сабақ -5мин</p>	<p>4. Геотарихи аймақ бойынша: A) 13 B) 15 C) 20</p> <p>5. Британ аралдары қай дүние бөлігі? A) Азия B) Европа C) АҚШ</p> <p>6. Таяу Шығыс қай дүние бөлігі? A) Европа B) Азия</p> <p>7. БҰҰ ұсынған аудандастыру бойынша бүкіл әлем 7і A) геотарихи A) геосаяси C) геомәдени</p> <p>8. Қазіргі кезде қанша тарихи мәдени провинция ажыратылады A) 12 B) 15 C) 14</p> <p>9. Провинциялар, өз кезегінде, облыстарға, ал олар аудандарға бөлінеді ме? A) бөлінуі мүмкін емес B) кейбіреуі C) ия</p>  <p>«Миға шабуыл» әдісі. Адасқан сөздер. Мұғалім жаңа сабақты бастау үшін оқушылардың назарына суретті көрсету арқылы және арнайы ресурс арқылы айқындайды. Суреттегі спиральды сөздерге байланысты жаңа сабақты анықтайды.</p> <p>Балалар суреттен не көріп отырсыздар? Сабақ тақырыбымен мақсатын жариялайды. Жаңа тақырып 1-тапсырма. Топтық жұмыс. «Зерделеу» әдісі - бұл әдіс арқылы оқушылар мәтінді, қосымша ресурсты пайдалана отырып, әрбір топ бөлінген бөлімдер арқылы зерделейді. Қалыптастырушы бағалау</p>	<p>Мәтіндегі суретті қарау барысында ой өрісін жетілдіреді</p>	<p>106</p>	<p>Оқулық 244 бет</p>												
<p>Сабақ ортасы-11 мин</p>	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="432 1388 619 1478">Бағалау критерийі</th> <th data-bbox="619 1388 893 1478">Дескриптор</th> <th data-bbox="893 1388 1021 1478">Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="432 1478 619 1713">Дүниежүзілік саяси картадағы Қазақстанның физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық орнын анықтайды, оның басты ерекшеліктерін сипаттайды;</td> <td data-bbox="619 1478 893 1713">Қазақстанның физикалық географиялық жағдайының ерекшеліктерін жазады</td> <td data-bbox="893 1478 1021 1713">10</td> </tr> <tr> <td data-bbox="432 1713 619 1881"></td> <td data-bbox="619 1713 893 1881">Елдің тарихи-географиясының ерекшеліктерін анықтайды</td> <td data-bbox="893 1713 1021 1881">10</td> </tr> <tr> <td data-bbox="432 1881 619 2049"></td> <td data-bbox="619 1881 893 2049">Қазақстанның саяси географиялық орнын анықтайды</td> <td data-bbox="893 1881 1021 2049">10</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл	Дүниежүзілік саяси картадағы Қазақстанның физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық орнын анықтайды, оның басты ерекшеліктерін сипаттайды;	Қазақстанның физикалық географиялық жағдайының ерекшеліктерін жазады	10		Елдің тарихи-географиясының ерекшеліктерін анықтайды	10		Қазақстанның саяси географиялық орнын анықтайды	10	<p>Қосымша ресурсты пайдалана отырып, әрбір топ бөлінген бөлімдер арқылы зерделейді. отырып,әрбір топ бөлінген бөлімдер</p>		
Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл														
Дүниежүзілік саяси картадағы Қазақстанның физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық орнын анықтайды, оның басты ерекшеліктерін сипаттайды;	Қазақстанның физикалық географиялық жағдайының ерекшеліктерін жазады	10														
	Елдің тарихи-географиясының ерекшеліктерін анықтайды	10														
	Қазақстанның саяси географиялық орнын анықтайды	10														

<p>Сергіту сәті 2мин https://youtu.be/OIR6vquuq08</p> <p>Домбыра тарту</p> <p>6 мин</p>	<p>Тапсырма №2. Жұптық жұмыс. Картографиялық әдіс. 1) Дүниежүзінің саяси картасын пайдаланып, Қазақстан жерінің географиялық орнын анықтап кескін картаға түсіріңіз</p> <table border="1" data-bbox="443 383 1011 1227"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td rowspan="5">Қазақстан Республикасының географиялық орнын дүниежүзі саяси картасынан орналасу ерекшеліктерін көрсетеді</td> <td>1) Ресей мемлекетімен шекарасын түсіреді</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>2) Қытай елімен шекарасын түсіреді</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>3) Қырғызстан мемлекетімен шекарасын түсіреді</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>4) Өзбекстан мемлекетімен шекарасын түсіреді</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>5) Түркіменстан елімен шекарасын түсіреді</td> <td>2</td> </tr> </tbody> </table> <p>3-тапсырма. Жеке жұмыс. «Тұжырымдамалық карта» әдісі Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырма. Травелбот бағдарламасы арқылы Жергілікті жерден бастап Қазақстанның көршілес жатқан мемлекеттердің ара қашықтығын анықтау. Алған мәліметтерін дәптерге жазу Тиімділігі: картадан жергілікті жерді анықтай алады, алған білімдерін өмірде қолдана алады.</p>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл	Қазақстан Республикасының географиялық орнын дүниежүзі саяси картасынан орналасу ерекшеліктерін көрсетеді	1) Ресей мемлекетімен шекарасын түсіреді	2	2) Қытай елімен шекарасын түсіреді	2	3) Қырғызстан мемлекетімен шекарасын түсіреді	2	4) Өзбекстан мемлекетімен шекарасын түсіреді	2	5) Түркіменстан елімен шекарасын түсіреді	2	<p>Картамен жұмыс-танады</p>	<p>106</p>	<p>Атлас, кескін карта</p>
Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл																
Қазақстан Республикасының географиялық орнын дүниежүзі саяси картасынан орналасу ерекшеліктерін көрсетеді	1) Ресей мемлекетімен шекарасын түсіреді	2																
	2) Қытай елімен шекарасын түсіреді	2																
	3) Қырғызстан мемлекетімен шекарасын түсіреді	2																
	4) Өзбекстан мемлекетімен шекарасын түсіреді	2																
	5) Түркіменстан елімен шекарасын түсіреді	2																
			<p>106</p>															

<p>Домбыра тарту</p> <p>6 мин</p>	<p>Бағалау критерийі</p> <p>Жергілікті жерден бастап шекаралас мемлекеттердің ара қашықтығын анықтау</p>	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1) Ресей мемлекетімен шекарасын түсіреді</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>2) Қытай елімен шекарасын түсіреді</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>3) Қырғызстан мемлекетімен шекарасын түсіреді</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>4) Өзбекстан мемлекетімен шекарасын түсіреді</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>5) Түркіменстан елімен шекарасын түсіреді</td> <td>2</td> </tr> </tbody> </table>	Дескриптор	Балл	1) Ресей мемлекетімен шекарасын түсіреді	2	2) Қытай елімен шекарасын түсіреді	2	3) Қырғызстан мемлекетімен шекарасын түсіреді	2	4) Өзбекстан мемлекетімен шекарасын түсіреді	2	5) Түркіменстан елімен шекарасын түсіреді	2		<p>Телефон, гаджеттерін қолдану</p>	<p>106</p>	<p>Атлас, кескін карта</p>
Дескриптор	Балл																	
1) Ресей мемлекетімен шекарасын түсіреді	2																	
2) Қытай елімен шекарасын түсіреді	2																	
3) Қырғызстан мемлекетімен шекарасын түсіреді	2																	
4) Өзбекстан мемлекетімен шекарасын түсіреді	2																	
5) Түркіменстан елімен шекарасын түсіреді	2																	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>2 мин</p>	<p>Кері байланыс: Оқушыларға рефлексия сұрағын ұсынамын. Сабақ барысында алған білімдері туралы кері байланыс жазады. Чемодан, ет тартқыш, корзина арқылы бүгінгі сабақ бойынша алған білімдерін анықтау</p>		<p>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.</p>	<p>Стикерлер, суреттер</p>														
<p>Үйге тапсырма</p>	<p>§55 оқу. Жергілікті жердің координатасын анықтау</p>																	



Жорық алды дайындық сабағы



КЕРИМБАЕВА
Маржан Жумахановна
Сайрам аудандық ЖТС-ның
әдіскері, ҚББП-і,
Түркістан обл.

Сабақтың мақсаты: Бір күндік далалық жорық алдында дайындық жасауды үйрену. Ел аузында қалған мұраларды жинау. Сол өлкенің флорасымен танысу.

Оқыту мен тәрбиелеудің міндеттері:

Сайрам ауданының тарихи орындары туралы мағұлмат беру. Жаңа терминдерді меңгерту. Үйірмешілердің рухани білімін дамыту. Отанын сүйуге, қоршаған ортаны қорғауға, ата салтын құрметтеуге тәрбиелеу.



Көрнекілік құралдар: Сайрам ауданының картасы, топографиялық белгілер, сызба нұсқалар, туристік құрал-жабдықтар.

Сабақ түрі: дайындық

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұхбаттасу, сұрақ – жауап т.б

Сабақ барысы:

Жаңа сабақты түсіндіру. «Миға шабуыл» әдісі.

- Жорық дегеніміз не? Туристік жорықтар көбінесе ауылды жерлермен немесе тұрғылықты халқы сирек аймақтарда белгілі бір мақсатпен жаяу жүріп жасалатын саяхат түрі болып табылады. Жорықтар негізінен танып-білу мақсатында ұйымдастырылатындықтан тарихи орындарға жасалады.

- Неліктен жорыққа шыққан ұнайды?

- Жорық жоспары деген не деп ойлайсың?

Жорыққа шықпас бұрын жорықтың жоспары жасалып, жорықтың топ басшысы тағайындалады.

Жорықта топ мүшелерінің қызметтері мен орындау бағыттарын меңгерту. Жорыққа

шығатын топ мүшелерінің барлығына қызмет бөліп беріледі.

1) Жорық жөніндегі анықтама мәліметтер толтыруға үйрету:

A) маршрут төлқұжаты

Саяхат ауданы ауыл тарихын танып білу.

1. Маршрут тізбегі «Ақсу ауылы–Қарабұлақ ауылы-Мәдени елді мекені-«Ханқорған» қалашығы»

2. Маршруттың жалпы ұзындығы: 45 шақырым

3. Жорықтың болу ұзақтығы: 2 сағат

4. Жорықтың уақыты: 22-24 маусым 2022 ж.

5. Туризм түрі: жаяу туризм

6. Қиындық дәрежесі: далалық біркүндік жорық

7. Маршрут МКК қаралды: 20.06. 2023 ж.

Маршруттық бет №

I. Маршрут бетін толтыру:

1) Жорыққа қатысушылар тізімі

2) Жорыққа қатысушылар міндеттерін бөлу

3) Топтағы жеке адамға берілетін құрал-саймандар (слайд)

№	Құрал-саймандар тізімі	Салмақ бірлігі, кг	Саны	Жалпы салмақ, кг
1	Қол дорба	2,5	1	2,5
2	Кілемше пенополиуреттенген	0,5	1	0,5
3	Футболка ұзын жеңді	0,2	1	0,2
4	Футболка қысқа жеңді	0,2	2	0,4
5	Жұқа жылы шалбар	0,4	2	0,8
6	Жұқа шұлық	0,05	3	0,15
7	Сүйретпелі аяқ киім	1	1	1
8	Спорттық аяқ киім	1	1	1
9	Бас киім (күннен қорғайтын)	0,1	1	0,1
10	Жаңбырдан қорғайтын күртеше	0,2	1	0,2
11	Жеке ыдыс-аяқ (кесе, қасық, тостаған)	0,2	жиынтық	0,2
12	Жеке гигиеналық заттар	0,3	жиынтық	0,3
	Жалпы:			7,35

Қажетті туристік құрал-жабдықтар мен ыдыс-аяқтар тізімін жасауға және не үшін пайдаланатындығы туралы ақпарат беру:

№	Заттардың атауы	Саны	Салмақ бірлігі, кг	Жалпы салмағы, кг	Ескерту
I. Туристік құрал-жабдықтар					
1	Шатыр 4 орындық	4 дана	3,5	14	
II. Ыдыс-аяқтар					
1	Қазан, 7 л	1 дана	0,6	0,6	
2	Шәйнек, 3 л	1	0,4	0,4	
3	Жалпы ыдыс-аяқ	3 дана	0,3	0,9	
III. Медициналық қобдиша					
1	Бинт	1 орам	50 гр	50 гр	
2	Мақта	1 пачка	50 гр	50 гр	
3	Йод	1 құты	50 гр	50 гр	
4	Спирт	1 құты	150 гр	150 гр	
5	Бас ауру дәрісі	2 канвалюта	15 гр	30 гр	
6	Анальгин	1 канвалюта	15 гр	15 гр	
7	Демидрол	1 канв	15 гр	15 гр	
8	Супрастин	1 канв	15 гр	15 гр	
IV. Жөндеу құралдары					
1	Қайшы	1 дана	70 гр	70 гр	
2	Ине-жіп	2 дана	20 гр	40 гр	
	Жалпы:			19,75	

Бір адамға шаққандағы тәулікті азық-түлік мөлшері

№	Күнделікті қажетті азық-түліктер атауы	Мөлшері	№	Кілегей	40 гр
1	Құрғақ шай	9 гр	15	Күлше	100 гр
2	Тұз	19 гр	16	Шұжық	100 гр
3	Қант	80 гр	17	Ірімшік	45 гр
4	Нан	250 гр	18	Балық	65 гр
5	Қарақұмық	170 гр	19	Бұқтырылған ет (сиыр еті)	120 гр
6	Күріш	50 гр	20	Сарымсақ 20 гр	
7	Манка ұнтағы	50 гр	21	Пияз	50 гр
8	Макарон	150 гр	22	Кетчуп	70 гр
9	Жарма	70 гр	23	Майонез	50 гр
10	Картоп	200 гр	24	Көмпиттер	100 гр
11	Сары май	10 гр	25	Тамақтың қоспасы	20 гр
12	Сұйық май	40 гр	26	Балғын көкөністер	70 гр
13	Құрғақ сүт	30 гр	27	Жер жаңғақ, мейіз	70 гр
			28	Сәбіз	80 гр

4) Маршруттың жалпы картасы (карта сызу)

5) Жорықтың ұйымдастырылуы:

Сонымен балалар, біз бір күндік жорықтың күн тәртібін жасақтауды үйренеміз:

1. 09.00-де Ақсукеңт ауылынан Мәдени ауылына жаяу сапарға шығу

2. 12.00-де түскі ас даярлау

3. 13.00-14.00- түскі ас уақыты

4. 14.00-14.30 түстенген орынды жинастыру

5. 17.00-18.30 Мәдени ауылы тұрғындарымен сұқбаттасып, «Ханқорған» төбесі туралы тың деректер жинақтау. Жергілікті жердің флорасымен танысу


6. 18.30- Мәдени ауылынан Ақсукеңт ауылына қайту

5. Өлкетану материалдары «Галереяны шарлау» әдісі (Саймон Браунхилл б/ша)

А) Ханқорған төбесі туралы не білеміз?

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы бойынша археологиялық тарихи орындарды дамытуды нақтылап, пысықтап алу үшін Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев 14 қазан 2017 жылы Сайрам ауданына атбасын бұрып, Ханқорған қалашығына келген еді. Сапар соңында арнайы мәжіліс өткізіп, былай деген болатын: «Бұл басқосу Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын облысымызда жүзеге асыру мақсатында өтіп жатыр. Облысымызда есепке алынған 1281 тарихи-мәдени мұра ескерткіштері бар. Оның 218-і сәулеттік ескерткіштер болса, 1063-і – археологиялық ескерткіштер. Аталған тарихи орындарға кезең-кезеңімен археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қалпына келтіруіміз қажет». Осы орайда Ханқорған қалашығын аспан астындағы ашық мұражайға айналдыру жұмыстары қолға алынады деді.

Мәдени елді мекеніндегі Арыс өзенінің сол жақ жағалауында аумағы 2-2,5 гектар жерді алып жатқан төбені бір көргенде оның тарихы терең қорым екендігін аңғару қиын. Бұл жерден ертеректе сынған қылыш, жерасты су құбырларының қалдықтары, құмыра, ыдыс-аяқтардың қалдықтары табылған соң жергілікті ғалым-археолог А.Н.Подушкиннің қызығушылығын оятып, зерттеу жұмыстарын жүргізуіне себепші болған. Археолог-ғалымның зерттеулеріндегі дәйекті айғақтар бойынша бұл жерде 942-1213 жылдары Арыс мәдениетінен кейін Қарахандықтар мекендеген. Оған дәлел қорымнан табылған керамикалық ыдыстардың қалдықтары. Қарахандықтар осы маңнан Арыс, Машат, Ақсу өзендерінің ағып жатуына аса мән берген. Бұл жағдай стратегиялық жағынан өте қолайлы жер болып табылған. Биіктігі 8 метрлік қоршау қабырғасының қабаты үсті-үстіне қайта-қайта салынған. Бұл ескі қорғанның темір балқытатын пеш те табылған. «Қарабұлақ» орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып қызмет еткен, қазіргі кезде зейнеткерлік демалыстағы қарт ұстаз Әбдімәулен Далабаев өз бетінше зерттеу жүргізіп, тың деректер жинастырып, кітап жазып шығарған. Зейнеткер ұстаздың жазбаларынан бұл жерден 1405 жылы Қытай еліне жорыққа бара жатқанда Әмір Темір қалың қолын бастап өткені жазылған. Қыс мезгіліне дәл келген жорық кезінде Арыс өзеніндегі мұз жарылып, суға құлаған қолбасшы қатты суық тиіп, ауырып, осы жерде көз



жұмды деп жазады. Бұл деректер туралы Әмір Темірдің немересі, Әмір Темір заманының тарихшысы әрі ақыны Йездидің жазбаларында да мағұлматтар кездеседі. Ал ең қызықты мәліметті өз өмірінің елу жылын тарих пәнінің мұғалімі қызметіне арнаған «Мәдени» мектебінің зейнеткер ұстазы Тұрғанбек Дүйсәлиев айтып берді. Ханқорған маңында XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың басында Кенесарының ұлы Сыздық сұлтан мен ағасы Ахметке тиесілі жер болғандығын Нафуса Кенесаринадан естігендігін баяндады. Алайда тарихтың қаншама сырын қойнауында сақтап жатса да бұл жерге түбегейлі тиянақты зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Ауыл ақсақалдарынан сұрастырған деректер бойынша Ханқорған қорғаны Абылай ханның жарлығымен бой көтерген. Бұл туралы Өзбекәлі Жәнібеков өз жазбаларында былай деп жазған: «... Шымкенттен жиырма шақырымдай жерде Абылай ханның ставкасы – Ханқорған тұр. Абылай ханның немересі Сыздық сұлтан орыс генералдары арқылы Бұхара өңірінен балашағасын алдырып, өмірінің соңына дейін осы қорғанда тұрды...».

6. Жорық қорытындысын жазуға үйрету. «Өрмекші» әдісі

Берілген мәліметтер бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылау.

1. Жорық дегеніміз не?

2. Жорыққа шыққан кезде топ мүшелеріне қажетті керек-жарақтарға нелер жатады?

3. Ханқорған төбесі неліктен тарихи орын болып табылады?

7. Міндеттер бойынша тапсырма беру:

- Ақсукеңт ауылынан Мәдени ауылына дейінгі жолдың картасын сызу;

- Маршрут бойынша тарихи орындарды анықтау;

- Көнекөз қарияларды іздестіру;




Түркістан - екінші Мекке (ашық сабақ)



СӘБИТ

Кәмшат Ыбырайқызы
Темір аудандық
оқушылар үйінің ҚББП-і,
Ақтөбе обл.

Оқу бағдарла- масына сәйкес оқыту мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> Қазақстанның ежелгі қаласы Түркістан, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі туралы білімдерін тереңдету Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын байыту, ойын жүйелі түрде жеткізе білуге дағдыландыру. Тарихи ескерткіштерді, ежелгі орындарды құрметтей білуге, Отанына, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін оятуға тәрбиелеу.
Сабақтың әдіс - тәсілдері:	Топқа бөлу, «Бинго» әдісі, «Караоке» әдісі, «СМС» хабарлама әдісі
Сабақтың көрнекілігі:	Компьютер, АКТ дағдылары қолданылады, глобус, карта, «Түркістан жайлы 10 дерек» бейнеролик, ұялы телефон
Пәнаралық байланыс:	тарих, география.
Сабақтың барысы	

Сабақ- тың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Басы	<p>I. Ұйымдастыру.</p> <ol style="list-style-type: none"> Амандасу Оқушы назарын сабаққа аудару. Сабақ мақсатымен таныстыру. <p>Қызығушылығын ояту Оқушылар сабағымызды бастамас бұрын топқа бөлініп алайық.</p>  <p>Зерттеушілердің хабарламасы: Қазақстандағы қала. Түркістан қаласы Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан, қазіргі таңда Түркістан облысы болып келеді. Түркістан V – VI ғасырларда іргетасы қаланған. Түркістан – қасиетті рухани қала. Түркістанды «Екінші Мекке» деп атаған. Оны Меккемен салыстырады. Мекке Сауд Аравиясында орналасқан. Адамдар Меккеге қажылыққа барып, тілек тілейді. Егер Түркістанға 3 рет барсаң, Меккеге 1 рет барғанмен тең болады.</p>	 <p>Психологиялық ахуалға берілген тапсырмаларды орындау және жаңа сабаққа назар аудару.</p> <p>1-топ – «Зерттеушілер» тобы, 2-топ – «Тарихшылар» тобы. Бізді осы ежелгі, қасиетті қаламен «Зерттеушілер» тобы таныстырады. «Тарихшылар» тобы Түркістан қаласының</p>	<p>Психоло- гиялық ахуал</p> <p>https://bilimdiler.kz</p>

	 <p>Тарихшылар хабарламасы: Қожа Ахмет Иассауи кесенесін ең алғаш рет Ақсақ темір қалаған. Түркістан ертеде Шам, Шабғар, Йасы деп аталған. Түркістан – Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Ол туралы алғашқы деректер араб жазбаларында IV-IX ғғ. бастап Шавғар деген атпен кездесе бастайды. Түркістан қаласының тарихы тереңде жатқанын дәлелдеп отыр. Түркістан қаласының айналасындағы аймақта тас дәуірі ескерткіштері — Шоктас, Қошқорған бұл өңірде алғашқы адам кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетеді.</p>	тарихы тереңде жатқанын дәлелдейді.	
Ортасы	<p>«Түркістан жайлы 10 дерек» видеоролик</p>  <p>«Бинго» әдісі бойынша сұрақ-жауап болады.</p>  <p>Сергіту сәті. «Караоке» әдісі</p>     <p>“Караоке” әдісі</p>	<p>Оқушылар Түркістан жайлы 10 дерекпен танысып, толығырақ мәлімет алады</p> <p>Караоке мен ән айтады. «Түркістан» әні.</p>	<p>https://youtu.be/fbkXbas_Tns https://bilimdiler.kz https://youtu.be/rkC4sp_NaDY</p>
Соңы	<p>Түркістанның соңғы жаңалықтары айтылады. Яғни оқушы айтады кезекпен.</p> 	Түркістанның соңғы жаңалықтары айтылады. Яғни оқушы айтады кезекпен.	https://youtu.be/hvBh9Kg6248
Кері байланыс	<p>Оқушылар ватсап желісі арқылы смс хабарлама жіберіп кері байланыс аламыз</p>  <p>Кері байланыс "SMS ХАБАРЛАМА"</p>	Кері байланыс «СМС» хабарлама әдісі арқылы хабарлама жібереді	https://bilimdiler.kz
Бағалау	<p>Смайликтер арқылы бағалау</p> <p>Формативті бағалау</p>  <p>- өте жақсы - жақсы - орташа</p>	Сабаққа белсене қатысқан оқушыларды смайликтер арқылы бағалау	
Үйге тапсырма	Тақырыпты түсініп оқып, Түркістан қаласына туристік маршрут құру		



КЫДЫРАЛИЕВА
Гульсим Ураловна
аудандық ЖТС-ның ҚББП-і
Бөрлі ауданы, БҚО

Экологиялық тәрбие: болашағы мен дамуы (тәрбие сағаты)



Сәлеметсіздер ме қонақтар, ұстаздар, оқушылар! Құрметті қонақтар біздің мектебімізге қош келдіңіздер! Тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Экологиялық тәрбие: болашағы мен дамуы»

Мақсаты: Жас ұрпақтардың бойында табиғат тағдырына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру, экологиялық біліммен тәрбие беру, оны ғылыми түрде талдап шешу.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: Балалар! Экологиялық жағдай екі басты фактордың (қоршаған ортаның ластануы және оның өздігінен тазаруы) ықпалымен қалыптасады. Бұл екі фактор да жыл мерзіміне және кеңістікке байланысты құбылмалы болып келеді. ҚР жер шарындағы экологиялық мәселесі бар елдер қатарына жатады. Біраз уақыттан бері тоқтатылған Семей полигонының, өз облысымыздағы Капустин Яр полигонының зардаптары әлі қанша уақытқа созылары белгісіз. Халқымыздың дарынды Абай, Шәкәрім, Мұхтар туған қасиетті жер ядролық сынақтардың орталығына айналып, қазақ халқы үшін қайғы бұлтын әкелген.

Біздің сабағымыз екі бөлімнен тұрады.

Әлеуметтік сұхбат: Бейнеролик - 2мин

I. Конференция (оның қатысушылары: әр түрлі мамандар мен баспасөз тілшілері)

II. Топтық жұмыс: мына тақырып бойында өрбиді: «Өз елді мекеніңнің экологиялық проблемасы»

Ендеше конференцияны бастамас бұрын назарларыңызды бейнероликке аударыңыздар. Бейнеролик оқушылардың арасында өткізген сұхбаттан тұрады:

1. Экологияны қалай түсінесің?

- Экология бұл латын тілінен аударғанда oikos «үй» деген мағынаны білдіреді.

- Қоршаған орта

- Табиғат

2. Өзіміздің ауданымыздың экологиялық проблемасы қандай?

- «Қарашығанақ» кен орнының зияны мен пайдасы

3. «Қарашығанақ» кен орны туралы не білесің?

- Әкелеріміз, тумаларымыз кен орнында жұмыс жасайды.

4. «Капустин Яр» полигоны қай жерде орналасқан?

- Батыс Қазақстан облысы, Бөкей орда ауданы, Нарын құмы.

5. Қандай экологиялық акцияларға қатыстыңыздар?

- Сенбілік, «Таза жағалау», «Бір тал кессен, он тал ек».

6. Қандай ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатыстыңдар?

7. Сіздің отбасыңыз экологиялық шараларға қатыса ма?

- Әрине, сенбіліктер ұйымдастырамыз, құстың ұясын жасадым.

Сөз мамандар мен тілшілерге беріледі.

1 оқушы. БҚО экологиялық проблемасы туралы жалпы мәлімет беріледі: Сәлеметсіздер ме, құрметті конференцияға қатысушылар! Бүгінгі конференцияда мен сіздерге өз өлкеміздің экологиялық проблемасын айтқым келіп отыр. "Экология" ғылымы теориялық және тәжірибелік маңызы бар барлық ғылымның кешенді негізінде тез дами бастаған салаға айналды. Экология дегеніміз - табиғатты пайдаланудың ғылыми-теориялық негізі. Экологиялық тәрбиенің көкейтестілігі Қазақстандағы экологиялық апат аймақтарының болуымен тығыз байланысты. Батыс Қазақстан жұртшылығын әскери полигондар, экологиялық



талаптарды өрескел бұзып отырған өндіріс орындары алаңдатып отыр.

Келесі сөзді бізге бүгін қонаққа келген тілшілерге берейік.

2 оқушы «Егемен Қазақстан» газетінің арнаулы тілшісімін. Менің сұрағым тарихшы маманға.

- Батыс Қазақстандағы «Капустин Яр» полигоны және Қарашығанақ кен орны тарихы туралы не айтар едіңіз?

Тарихшы маман. 3 оқушы : Сәлеметсіздер ме, мен Капустин Яр полигоны туралы айтып өтейін. Капустин ЯР - Полигон 1949 жылы құрылған. Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының батыс аймақтары (Нарын құмы) мен Ресей Федерациясының Астрахан, Волгоград облысының шығыс бөліктерін қамтиды. Бұл полигонда, негізінен, ұшақтар мен ракеталардың ядр. жарылыс заттарын тасымалдау әдістері зерттелген. “Капустин яр” ядролық полигонының орт. және ұшу-сынақ аймақтарын қоса есептегендегі жалпы аумағы 6,5 млн. га, оның ішінде Батыс Қазақстан облысындағы аумағы 1,5 млн. га.

Тарихшы маман. 4 оқушы. Сәлеметсіздер ме, Қарашығанақ кен орны туралы мен таныстырып кетейін. Қарашығанақ мұнай-газ конденсат кен орны — Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданы жерінде, Орал қаласынан шығысқа қарай 150 км жерде орналасқан Қазақстандағы ірі мұнай-газ кен орны. Елде өндірілетін барлық газдың 45%

және мұнайдың 16% құрайды. 2017 жылы КПО 146 миллион баррель мұнай эквивалентін өндірді. 1979 жылы ашылған.

Тілші: Мен «Орал өңірі» газетінің арнаулы тілшісімін. Менің сұрағым дәрігер маманға.

- «Капустин Яр» полигонының жергілікті тұрғындарға тигізетін зияны қандай?

Дәрігер маман. «Жеті мүшелік» қатерлі ісік, аяқ асты ақылдан адасу және т.б. аурулар асқынды. Сәбилердің кемтар болып дүниеге келуі көбейді. Осы мәліметтерді статистикаға сүйеніп, саралайтын болсақ, адамдардың өлімі 50 пайызға өсті. Халықтың табиғи өсімі 2 есеге азайды, жүйке ауруы 60 есе, балалардың туа бітті ауытқуы 30,7 есе, қатерлі есік аурулары 3 есеге өсті. Нарын аймағындағы полигондардың адамдар мен тірі табиғатқа келтірілген зияны Семей полигонынан да асып түседі. Ал «Қарашығанақ» кен орнына келетін болсақ, адамдардың қан қысымының көтерілуі, жүрек ауруына ұшырауы көп кездеседі.

Тілші: «Бөрлі жаршысы» газетінің арнаулы тілшісі.

Менің ойымша, Қарашығанақ кен орнының зияны ғана емес, пайдасы да бар деп ойлаймын. Мысалы біздің жерімізде Қарашығанақ кен орнының жұмыс бастауы халыққа пайдасын тигізуде. Қазіргі қымбатшылық заманда қаншама халыққа жұмыс беріп отыр. Жұмыскерлер өз мамандығы бойынша жұмыс жасап, тәжірибе жинақтауда. Еліміздегі отбасының өмір сүру жағдайы едәуір көтеріліп

қалды. Қаншама маман шетелден оқып келіп, өз білімімен елдің дамуына жұмыс жасап жатыр. Осының барлығы «Қарашығанақ» кен орнының пайдасы деп білемін. Барлық нәрседен позитивті тұсын табуға болады деп ойлаймын. Барлық адамның денсаулығына зиян тигізіп жатқан жоқ. Ол ресми түрде дәлелденбеген.

Тілші «Соқпак» журналының арнаулы тілшісі. Сәлеметсіздер ме, мен физик мамандарға сұрақ қойғым келіп тұр.

- Полигонның зияны туралы ғылыми тілде түсіндіріп жіберсеңіз.

Физик. Полигонда әр түрлі қару-жарақ жер бетінде және әуеде сынақтан өткізілген (24 мың ракета жарылған, 177 соғыс техникаларының түрлері сынақтан өткізілген, 619 СС-20 ракеталары жойылған). Әр зарядтың қуат. 10 – 300 килотонна, жарылу биіктігі 5,6 – 300 км-ге жеткен. Осының салдарынан ауаға 30 мың тоннаға жуық аса зиянды улы заттар таралған. Сынақ аймағын радиациялық тексеруден өткізгенде, ондағы радиоактивтік заттардың (цезий-137, стронций-89, т.б.) мөлшері рұқсат етілген шектен бірнеше есе жоғары екені анықталған.

Тілші «Жайық ұстазы» газетінің арнаулы тілшісі: химик мамандарға қояр сұрағым

- Полигонда жарылыстар қандай мақсатпен жүргізілді және қай уақытта басталған?

1957-1962 жылдары «Капустин Яр» әскери полигонында қуаты 983,4 к/т тең, биіктігі 300 шақырымға жете қабыл 11 әуе жарылысы болды. Осы әуедегі ашық жарылыстардың қуаты 1945



жылы Жапонияның Хиросима қаласына тастаған атом бомбасынан 65 есе зор болған.

1966-1979 жылдар аралығында «Азғыр» полигонында 160-1500 метр тереңдікте 17 жерасты ядролық жарылысы жүзеге асты. 1966 жылы 22 наурыз күні 500 тұрғыны бар «Азғыр» ауылының дәл іргесіне 1,5 шақырым қашыққа әкеліп атом қаруын сынап, бейшара халыққа тәжірибе жасады.

Қысқасы, жоғарыдағы полигондарда қолдан басқарылатын 25 мың ракета жарылып, 177 түрлі әскери техника сынақтан өткен. Осынау тәжірибелерден кейін әр жерде шашылып қалған 700 тонна әскери-техника қалдықтары соңғы жылдарға дейін далада ашық-шашық жатты.

Химик. Соның салдарынан су мен топыраққа қорғасын, мыс, мырыш, кадмий сияқты зиянды металдардың қоспасы жайылды. Радиациядан қорғау және экология институтының зерттеуіне қарағанда: бұл жердің топырағы мен суында қорғасын - 80 мың, мыс - 8 мың, мырыш - 270 мың есе көп екендігі анықталды.

Бүгінгі таңда полигонға жақын орналасқан аудандарда 1600-дей кемтар бала есепте тұрады. 3700 адам мүгедектігі туралы жәрдемақы алады. «Азғыр» полигоны маңында тұратын тұрғындардың денсаулығы облыстың өзге аудандарымен салыстырғанда 2-3 есе төмен. Өйткені, бұл полигонның салдарынан пайда болған улы заттың мөлшері 10 миллионнан астам кюриді құрап отыр.

Конференцияны қорытындылай келе, мен сендерге мынадай сұрақ қойғым келіп тұр: Бүгінгі сабақ қандай тақырыпты қамтыды? (Гүлбақыт)

Сабақтан алған түйіндеріңіз қандай? (Әділет)

Олай болса сабақтың келесі кезеңіне де кезек келді. Топтық жұмысқа кірісейік

Топтық жұмыстың тақырыбы: «Өз елді мекеніңнің экологиялық проблемасы» Мұндағы мақсатымыз: Өз елді мекеніміздің экологиялық проблемаларын шешу жолдарын ұсыну.

I топ: Тұрмыстық қалдықтар

II топ: Таза жағалау

III топ: Көгалдандыру

Орындауға 5 минут уақыт

Қорғауға 2-3 мин

«Жетістік баспалдағы» Рефлексия. Кері байланыс.

1. Балалар, бүгінгі сабақ сендер үшін несімен құнды болды?

2. Қалай ойлайсыңдар, сабағымыз өз мақсатына жетті ма?

3. Бүгінгі сабақта сендер үшін не қиын болды?


Сабағымыз аяқталды. Қош сау болыңыз

XIV Всероссийская полевая олимпиада ЮНЫХ ГЕОЛОГОВ

С 27 июля по 7 августа 2023 года в г.Альметьевск Республики Татарстан Российской Федерации состоялась XIV Всероссийская полевая олимпиада юных геологов, в котором приняли участие более 40 команд. В Международном зачете принимали участие команды Республики Беларусь (2), Узбекистана, Кыргызстана, сборная команда Российской Федерации и Республики Казахстан.

Команда Казахстана была представлена сборной юных геологов ЗКО «Сармат». В состав команды вошли: Нурмуханбет Айзат (Бокейординский РЦДЮТиЭ, рук. Шарафетдинов Н.А.), Кривобокова Ольга и Гасанова Илянура (СЮТ, Бурлинский район, рук. Кузьмина Л.В.), Таскали Самал, Утебаева Аяна, Бердали Аружан, Баландина Екатерина и Акжан Томирис (СЮТ района Байтерек, рук. Субботина О.В.).

В Международном зачете команда «Сармат» заняла 5 место. Выражаем благодарность педагогам дополнительного образования и научному руководителю команды почетному геологу РК Якименко Г.А. за подготовку членов команды.



Жазғы демалыс – жан тынысы

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудың мақсаты - жазғы каникул кезінде балалардың толыққанды демала отырып денсаулықтарын сауықтыруды, шығармашылық қабілеттерді дамыта отырып, бос уақыттарын тиімді әрі пайдалы ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

2023 жылдың 5 маусым 25 тамыз аралығында Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығының туристік базалары балалармен толықты. Жан-жақтан келген балалар табиғатпен жақын қарым-қатынас жасай отырып, еркіндікті сезінді. Айналасына ашылып, рухани азық жинап, сауығып, бір-бірімен етене араласып кеткен балалардың 10 күндік ұмытылмас демалыстары енді артта қалды.

«Евразия» туристік кешені мен «Самал» туристік лагерінде биылғы жазда 1500-ден астам бала демалды. Оның ішінде: «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының «QH Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы аясында, мемлекеттік және жеке кәсіптік мекемелердің балалары қосымша білім мен тәрбие алып, сауықтыру демалыстарын сапалы да мазмұнды өткізді. Ауысым барысында балалар Орал қаласының мұражайлары, балалар хайуанаттар бағына және «Саят» этно-туристік орталығына барды, жаяу және тау туризмі дағдыларын меңгерді, туристік жорық жасады, зияткерлік-танымдық іс-шаралар мен спорттық жарыстарға қатысты. Сондай-ақ, Орал қаласының спорт бөлімі, Ж.Молдағалиев атындағы облыстық



әмбебап ғылыми кітапханасы және Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасымен бірлесіп іс-шаралар өткізілді.

«Самал» туристік лагерінде «Жігер» әскери-патриоттық ауысымы өткізілді. Ауысымға Батыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының оқушылары қатысады. Әскери-патриоттық «Жігер» ауысымының мақсаты: жастар арасында әскери-патриоттық жұмыстарды жетілдіре отырып, тәрбиені қалыптастыру, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мәртебесін көтеру және әскери қызметті насихаттау.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! ПОЗДРАВЛЯЕМ!



ҚАЙРЛИЕВА Құралай Жауынбайқызы
«Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік
журналының бас редакторы



МАЗУРЕНКО Виталий Вячеславович
Спорт және денешынықтыру бөлімінің
меңгерушісі



Құрметті балалар туризмінің ардагерлері мен ұстаздар қауымы!

Сіздерді 27 қыркүйек

Халықаралық туризм күнімен құттықтаймыз!

Халықаралық туризм күні - туризмнің мәдениет саласын дамытудағы үлкен жетістігіне, әлем халықтары арасындағы достықты нығайтуға бағытталған жұмыстарды насихаттау мақсатында аталып өтіледі.

Қазақстан туризм күнін 1993 жылдан бері тойлап келеді. Сол жылы еліміз Халықаралық Туризм Агенттігінің құрамына кірген болатын. Осы жыл аралығында еліміз туризм саласында көшін түзеп үлгерді. Мемлекеттік даму стратегиясын жақсы жүргізгені үшін Қазақстан осы ұйымның алдыңғы қатарлы озық елдерінің қатарына кіріп Халықаралық Туризм Агенттігінің Басқарушы Кеңесіне дейін жетті.

Айтулы кәсіби мереке қарсаңында баршаңызға денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

**Игі тілекпен:
ОБЖТЖЭО-ның ұжымы**

Уважаемые ветераны и педагоги детского туризма!

Поздравляем Вас

с Международным днем туризма 27 сентября!

Международный день туризма - отмечается в целях пропаганды работы, направленной на большой успех туризма в развитии сферы культуры, укрепление дружбы между народами мира.

День туризма Казахстан отмечает с 1993 года. В том же году наша страна вошла в состав Международного агентства по туризму. За этот год страна уже лидировала в сфере туризма. За хорошее проведение государственной стратегии развития Казахстан вошел в число передовых стран этой организации и дошел до управляющего совета Международного агентства по туризму.

В преддверии знаменательного профессионального праздника желаем всем здоровья, долгих лет жизни!

**С наилучшими пожеланиями:
коллектив ОЦДЮТиЭ**

